

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru

МЕН ЕЛДІКТІ ТІЛЕЙМІН «АЛАТАУҒА»



Ассалаумағалейкүм, құрметті жерлестер, армысыздар, ардақты ағайын! Босағадан аттап кірген Қабан жылында әр келіннің құрсағына біткен ұлдарға Қабан жыраудың ақындығын, Қабанбай бабамыздың батырлығын берсін!

Күнтізбедегі сандар ауысқанымен, санамызда сілкіну бола қойған жоқ сияқты. Себебі, қазақта Жыл басы көктемге қарай, Наурыз айында кірмей ме?

Барша көзі ашық, көкірегі ояу жандарды «Алатау» газетіне жазылып, тұрақты оқырман болуға шақырамын! Газет-журнал, кітап оқитын жандар өзгелерден бір бас жоғары тұрады. Қазір газет сататын дүңгіршектер жоқтың қасы, бар болса кілең орыс тілді газет-журналдар ғана сатады. Және бағасы қымбат. Ал газетке жазылу – өте арзан әрі жазылу кезінде көрсеткен мекенжайға тұрақты түрде келіп тұрады.

Қазақ ақын халық болғандықтан сөз қадірін өз қадірінен артық қояды. «Алатау» газетінде ақындардың өлең-жырлары, айтыскерлердің тауып айтқан, кейде қауып айтқан шумақтары жиі жарияланады. Саяси, әлеуметтік, тұрмыстық мәселерден титықтағанда рухани нәр алып отыруға болатын тұрақты айдарлары да оқырманға өте пайдалы. Облыстың Бас ақыны басқарып отырған газет болашақта облыстың Бас газетіне айналуына тілектеспін!

Басында «Алатаудың» ағам отыр,
Оқырман көбейгенін қалап отыр.
Атағы жер жаратын Айтақынның,
Шапағы шартарапқа тарап отыр.
Даласы Ұлы Қазақта отарлықтың,
Жарасы жазылмаған, қара қотыр.
Көкке қарап ұлыған қайран елім,
Қасқырдай өз жарасын жалап отыр.
Айтайын базынамды Айтағама,
Болсын деп екі арада дара көпір.
Мен Елдікті тілеймін «Алатауға»,
Ой көп болсын тұшынып адам оқыр.
Мен Кеңдікті тілеймін «Алатауға»,
Оқырман боп құйылсын жаңа нөпір.
Мен Өрлікті тілеймін «Алатауға»,
Жазсаң, асау толқындай

жағаны опыр!
Мен Ерлікті тілеймін «Алатауға»,
Жебеңді жемқорларға қадап отыр!
Өйткені, ойлы оқырман «Алатауды»
Ақиқат мінберіне балап отыр.
Намысын қайта оятып
Нар Қазақтың,
Ар үшін Мал мен Жанды садаға қыл!

НЫСАНА

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ ЖЫРҒЫ МЕҢ МҰҒЫ

Алматы облысында елді мекендерді газдандыру жобаларын жүзеге асырып жатқан газ үйлестірушілерге бұқара халықтың өкпесі қара қазандай. Көгілдір отын жағып, күл шығарып, көмір жағудан құтыламыз деп әуре-сарсаңға түскен жетісулықтар арыз-шағымдарын жергілікті билік өкілдеріне жазумен келеді. Осы мәселеге орай, газ желісімен айналысатын компаниялардың басын қосқан депутаттар Алматы облысындағы газдандыру бағдарламасын сынға алды. Халық қалаулылары газ жүйесіне қатысты мәселені май шаммен қарап, мойындарына міндеттеме алған компаниялардың қожаындарынан түсініктемелер алды. «Бақсам бақа екен» демекші, бастары бір қазанға сыймаған газ тартушылардың да бір-біріне деген өкпе-реништері бар болып шықты.



Жалпы Алматы облысында 741 елді мекеннің 473-не табиғи газды тартуға болады. Ал қалған ауылдарда ондай мүмкіндік жоқ. Себебі – бұл ауылдар шалғай жерлерде орналасқандықтан газ құбырын тартуға тиімсіз. Сондықтан бұл аумақтарға газ желісі мүлде тартылмауы бек мүмкін. Мұндай аймақтарда жар-ты миллионға жуық адам тұрады деген көгілдір отын таратушы компаниялардың

сараптамасына қарасақ, халықтың қалған бөлігін газдандыруға толық мүмкіндіктері бар екен. Алайда, газ желісін тартушылардың да болашағы бұлыңғыр екені депутаттар талқысында айқындалды. «Көгілдір отын» 123 елді мекенге әкелінгенімен, есептерде көрсетілген 19 елді мекенді есепке алмағанда барлық газ құбырларына сұйық отын жіберілмеген.

«Алматы – Талдықорған» газ құбыры желісінің құрылысы туралы жергілікті атқарушы билік сонау 2017 жылдың өзінде есеп беріпті. Жалпы ұзындығы 264 шақырымды құрайтын газ құбыры желісі үшін бюджеттен 21,4 млрд теңге қаржы бөлінген.

Жалғасы 4-5-беттерде. ▶

«АЛАТАУ» - ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

25% жеңілдікпен «Алатауға» жазыл!

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын бастайды. Сіздің енді кез келген «ҚазПошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.



Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып наурыз айының соңында қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар қаңтар айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.

«Алатауға» жазыл ға, ҰТЫП АЛ!

Газетке жазылуға байланысты жеке тұлғаларға арнап инстаграм парақшасы ашылады. Ұтыс иелерін анықтау жариялы түрде жүргізіледі, яғни инстаграм әлеуметтік парақшасынан тікелей эфирде өтетін болады. Жеңімпаздар туралы ақпаратты наурыз айында газетке де жариялайтын боламыз. Жазылуға атсалысқан байланыс бөлімшелері де сыйлыққа ұсынылады. Сондықтан газетке жазылғандар түбіртек көшірмесін 24-наурызға дейін редакцияға жолдауы міндет. ЕНДЕШЕ, ІСКЕ СӘТ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



I орын
Смартфон
Samsung
Galaxy A6



II орын
шаңсорғыш
Bosch
BGS05A220



III орын
Мультиварка
REDMOND
RMC-M252



IV орын
Қысқатолқынды пеш
Elenberg MS-2011M



V орын
Блендер Elenberg
NAT-9601E



VI орын
Миксер Elenberg SW-601

Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай көшесі 32-үй 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.

АЙТАРЫ АЙҚЫН, АЗАТ ОЙЛЫ «АЛАТАУ»

Облыстық «Алатау» қоғамдық-саяси газеті екі мыңға жуық ардагерді 2019 жылғы басылым санына тегін жаздыруды ұйымдастырып отыр. Ақпарат ағыны «онлайн» деп аталатын олжалы әдіске көшкен тұста бөгенайы бөлек баспасөздің орны қарт оқырмандарымыз үшін тым бөлек-ақ. Қазыналы қарттарымыз – ардақ тұтар ардагерлеріміз мереке күндері ғана емес, күнделікті өмірде де бар құрметке лайық. Соны ескере отырып, өз тарапымыздан титімдей болса да қуаныш сыйлауды парыз деп таптық.

Алып-сатарлардың алмағайып заманында, әсіре, маркетинг саласының «менмұндалап» тұрған шағында газетті де бизнес көзіне айналдырып отырғандар баршылық. Облыс көлеміндегі өзге де мерзімді баспасөз беттері коммерциялық бағытта жұмыс істейді. Оқырманның немесе облыс тұрғындарының әр мақаласын белгілі мөлшердегі ақылы түрде басылым бетіне енгізеді. Десе де, қоғам үшін қызмет ететін «Алатау» газеті айтары айқын оқырмандарының қатарында мұғалімдер, құқық қорғау органдарының материалдарын тегін жариялап келеді. Тауанды тарих деп ауыз толтырып атауға келмесе де, азды-көпті 18 жылды артқа тастап, кемелді «кәмелетке» аяқ басқан «Алатау» газетінің қуантары әлі алда. Жылашар санын ұлттың ұнпарағы – ұлт үшін ғана қызмет етуі тиіс деген ұстаныммен бастағанды жөн көрдік.

Д. БЕРЕКЕТ.

Алматы облысы Талғар ауданы Жаңалық ауылында
Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музей ашылды.

МУЗЕЙ АШЫЛДЫ



Мұражай 3 экспозициялық залдан тұрады. Репрессия жылдарында жазықсыз жапа шеккендердің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында жаңа экспозицияның 3 залында:

- «Қазақстандағы 1916-1986 жылдары аралығындағы қуғын-сүргін тарихы»;
- «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» («Реквием» залы);
- «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамы және оның қызметіне қатысты экспонаттар қойылған.

1930 – 1950 жылдардағы қуғын-сүргін тарихы туралы бірінші залдың экспонаттары таныстырады. Олардың қатарында біздің жерлестеріміз, қазақтың зиялы қауым өкілдері – М. Тынышпаев, І. Жансүгіров, Ж. Күдерин және басқалары туралы фото құжаттық материалдар бар. Сонымен қатар, осы залда Алматы облыстық Ішкі Істер департаментінің архивінен алынған, Алматы облысы бойынша тұтқынға алынғандардың (қуғын-

сүргінге ұшырап, кейіннен ақталғандар) іс көшірмелері қойылған.

Сталиндік лагерьлердегі тұтқындардың өмірі төрт диорамада ашып көрсетілген. Жаңалық ауылында атылып, жерленгендердің жеке заттарында осы залдағы тақырыптық бөлімдерден кездестіруге болады.

«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» залында жазықсыз жазаланған 4125 адамның аты мен тегі мәрмәр тасқа қашалып жазылып, қабырғаларына ілінген. Олардың қысқаша өмірбаянын (ақпарат 2 тілде берілген) осы залға қойылған ақпараттық дүңгіршектерден көруге болады.

Жаңалық ауылында мемориал орнатудың бастамашысы болған, репрессия құрбандары туралы 9 томдық «Азалы кітап» шығармасының авторы Қазақстандық «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамының қызметіне музейдің 3-ші залының экспозициясы арналған.

Музейдің ашылу салтанатына Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, Ілияс Жансүгіровтің ұлы – Саят Жансүгіров, профессор, алаштанушы Мәмбет Қойгелдиев, Жаңалық ауылдық округінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұрсынғали Саудабаев және Қазақстандағы репрессия музейлерінің басшылары, тарихшылар, зиялы қауым өкілдері, репрессия құрбандарының ұрпақтары, т.б. қатысты.

Ш. ХАМИТОВ.

СҮЙІНІШ ШЕН КҮЙІНІШ

Облыс бойынша
мереке күндері
332 сәби дүниеге келді.

Шетелден көшіп келген, оның ішінде, Қытай мен Моңғолиядан қоныс аударған қандастарымыздың зейнетақы мәселесі шешілді.

Жаңа жыл қарсаңында талдықорғандықтар қоныстойларын атап өтті. Қаланың Оңтүстік-батыс ауданында 64 пәтерлі жалгерлік тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жастар Талдықорған қаласын насихаттаудың тың жолын тапты. «I love Taldykorgan» мюзиклі түсіріліп, аталмыш фильмнің премьералық көрсетілімі Талдықорғандағы «Атамекен» кинотеатрында өтті.

Қысқы туризмді дамыту мақсатында Талғар ауданында «Ойқарағай – Лесная сказка» тау-шаңғы кешені ашылды.

Өмірдің заңдылығы ақ пен қараның, жақсы мен жаманның, қуаныш пен қайғының қатар жүретіндігінде. Кез келген нәрсенің екі жағы болады. Сондай-ақ әр жылдың да өзіндік есте қалған жақсы, жаман тұстары бар. Өткен жыл да өз оқиғаларымен есте қалып, келген жылдың қуанышты сәттерін көп болсын деп тілейік. Жаңа жыл, жаңа жыл деп, мереке қарсаңында қандай жағымды және жағымсыз жаңалықтар болғанын біз де сараптап көруді жөн көрдік.

Алматы – Өскемен тас жолында ірі жол апаты болып, 5 адам ажал құшты.

Алматы облысында ұстазды соққыға жыққан ата-анаға қатысты сот басталды. Сот залы мұғалімдерге лық толды. Олар өзгенің баласын оқытамын деп жүріп таяқ жеген әріптестеріне қолдау көрсетуде.

Алматы облысында жаңа жылды мерекелеу кезінде 14 өрт оқиғасы, 2018 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін пиротехникалық бұйымдарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу салдарынан 4 өрт оқиғасы тіркелді.

Алматы облысында ауыл тұрғындарының малын ұрлап келген барымташылар қолға түсті. Ұрланған жылқының нақты саны – 87 бас. Шығын көлемі 26 миллион теңгеден асып кеткен.

Талғар ауданында жаңа жыл қарсаңында жанжалдасқан ер адамдар ортақ таныстарын өлтіріп, өртеп жіберген.

ОТКРЫЛСЯ ГОРНОЛЫЖНЫЙ КУРОРТ ОЙ-ҚАРАҒАЙ ЛЕСНАЯ СКАЗКА



Еще один важный туристский проект, реализованный на основе государственно-частного партнерства и нацеленный на развитие зимнего туризма, реализован в Алматинской области. Это новый круглогодичный горнолыжный комплекс спортивно-семейного типа «Ой-Қарағай - Лесная сказка» общей площадью 85 гектар, в торжественной обстановке открытый в Талгарском районе. В церемонии открытия комплекса, приняли участие аким области Амандык Баталов, инвесторы и представители НК «Қазақ туризм».

Выступая с приветственным словом, Амандык Баталов отметил важную роль комплекса в развитии горного туризма, привлечении к массовому спорту, а также пропаганде здорового образа жизни:

- В ходе рабочего визита в Алматинскую область Глава государства дал ряд поручений по развитию туристического кластера. В частности была подчеркнута необходимость развития горного туризма в районе от Шымбулака до Тургеньского ущелья. В связи с этим сегодня мы

открываем новый, современный горнолыжный комплекс. Со стороны государства оказана поддержка и проведен капитальный ремонт 6,2 км автомобильной дороги республиканского значения до комплекса. В данный горнолыжный курорт инвестор вложил 60 млн. долларов США собственных средств. Это место, где вместе с семьей можно хорошо отдохнуть, подышать свежим горным воздухом, покататься на лыжах и других специальных средствах. Приходите, наслаждайтесь катанием,

отдыхайте и радуйтесь, - сказал А.Баталов.

На территории комплекса предусмотрено 15 специальных полос различной сложности, предназначенных для катания на лыжах, сноуборде, надувных камерах. Посетители поднимаются на нужную высоту по специальным канатным дорогам. Действует лыжная школа для желающих учиться кататься на лыжах, где работают профессионалы из-за рубежа. В результате уже после 2-3 занятий обучающийся сможет самостоятельно совершать лыжные прогулки. Для семей с маленькими детьми, желающих активно и беззаботно отдыхать весь день, организованы специальные теплые комнаты, где за детьми будут приглядывать с утра до вечера. Также в прокат для катания предоставляются все необходимые предметы одежды от мировых брендов. Кроме того, свои услуги отдыхающим предоставляют 6 ресторанов с разными национальными кухнями и гостиница на 99 мест. В целом зона отдыха готова к приему до 5000 отечественных и иностранных туристов и отдыхающих в день.

Важно отметить, что горнолыжный курорт будет действовать вне зависимости от времени года. То есть летом лыжные трассы станут велосипедными. Таким образом, курорт станет местом круглогодичного отдыха туристов. Общая площадь горнолыжного комплекса «Ой-Қарағай - Лесная сказка» составляет 85 га. Комплекс расположен на высоте 1500-1800 метров над уровнем моря. В ближайшие годы длину существующих 13-километровых полос катания планируется довести до 40 километров.

Е. АЛМАТҰЛЫ

Онлайн слежение очереди

Руководитель отдела информатизации системы здравоохранения областного филиала Республиканского центра электронного здравоохранения Гульсум Оксукбаева в своем выступлении отметила, что пациент, обратившись к врачу по месту прикрепления, проходит в полном объеме необходимые для диагностики заболевания исследования в условиях поликлиники.

При определении лечащим врачом показаний к плановой госпитализации пациент должен обсудить с ним выбор медицинской организации. В случае вынесения решения о необходимости госпитализации врач оформляет направление (обязательно с учетом пожеланий пациента по выбору организации здравоохранения). Затем регистрирует его данные

на портале «Бюро госпитализации» и выдает ему талон на плановую госпитализацию. В нем имеется код, по которому пациент может на сайте www.bg.eisz.kz отследить собственную очередь на плановую госпитализацию и получать информацию о наличии в стационаре свободных коек. Данные конфиденциальны.

После определения стационаром даты госпитализации врач выдает пациенту направление на плановую госпитализацию. В период ее ожидания пациент продолжает наблюдаться у лечащего врача. Он обязан явиться на госпитализацию в срок, указанный в направлении.

Отметим, пациент в назначенный день госпитализации должен иметь при себе удостоверение личности, результаты клинических и диагности-

На минувшей неделе в Региональной службе коммуникаций прошел брифинг на тему «Плановая госпитализация через портал «Бюро госпитализации»».

чекских исследований, талон на госпитализацию, направление с печатью и подписью первого руководителя медицинской организации, отправившей на плановую госпитализацию.

По словам спикера за 11 месяцев 2018 года было отправлено на плановую госпитализацию около 108 тысяч человек. Из них около 78 тысяч пациентов в стационары нашей области, 16 тысяч в лечебные учреждения других регионов страны, около 14 тысяч человек в организации здравоохранения гг. Астаны, Алматы.

Соб. КОРР.

КОНКУРС НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНЫХ ДОЛЖНОСТЕЙ СОТРУДНИКА ОРГАНА ПРОКУРАТУРЫ

ГУ «Главная транспортная прокуратура», объявляет конкурс на занятие вакантной должности:

1. Прокурор Талдыкорганской транспортной прокуратуры (категория С-RGP-5) – 1 единица;

Должностной оклад в зависимости от стажа государственной службы от 76 274 тенге до 103 174 тенге.

Функциональные обязанности: осуществление прокурорского надзора за уголовным преследованием, защитой общественных интересов, судебных актов и исполнительного производства по административным, гражданским уголовным делам, исполнения наказаний и реабилитации граждан, соблюдению прав лиц, задержанных, заключенных под стражу и отбывающих уголовное наказание, поддержание государственного обвинения в суде по уголовным делам, участие при рассмотрении гражданских и административных дел в судах и другие. Помимо основных обязанностей, выполнение функций, являющихся обязательными для всех сотрудников органов прокуратуры.

Требования к участникам конкурса:

- образование высшее юридическое, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности;

- пригодность по состоянию здоровья к прохождению службы в правоохранительных органах;

- наличие обязательных знаний, умений и навыков, необходимых для исполнения функциональных обязанностей по конкретной должности.

Конкурс проводится на основе Правил проведения конкурса и стажировки для занятия должностей в органах, ведомствах и учреждениях прокуратуры Республики Казахстан, утвержденных приказом Генерального Прокурора Республики Казахстан от 04.05. 2014 года №40 (далее – Правила).

Граждане, желающие принять участие в конкурсе, представляют следующие документы:

- 1) заявление по форме, согласно приложению 2 к Правилам;
- 2) анкета по форме, согласно приложению 3 к Правилам;
- 3) заполненный личный листок по учету кадров (с указанием адреса фактического места жительства и телефонов, в том числе контактах) по форме, согласно приложению 4 к Правилам;
- 4) заполненную подробную автобиографию, написанную собственноручно и в отпечатанном виде, с указанием близких родственников, в том числе бывших супругов по форме, согласно приложению 5 к Правилам;
- 5) копию документа, удостоверяющего личность гражданина Республики Казахстан, засвидетельствованной нотариально;
- 6) копии документов об образовании, засвидетельствованных нотариально;

7) копию документа, подтверждающего трудовую деятельность, засвидетельствованную нотариально;

8) копию военного билета или удостоверения о приписке к призывному участку;

9) фотографию размером 3x4 (3 шт.);

10) документы, подтверждающие представление гражданином и его супругой (супругом) в орган государственных доходов по месту жительства декларации о доходах и имуществе в соответствии с Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции»;

11) результатов компьютерного тестирования на знание норм действующего законодательства не ниже пороговых значений, действительных на момент подачи документов для участия в конкурсе;

12) результатов прохождения медицинского и психофизиологического освидетельствования, в том числе полиграфологического исследования, в военно-врачебных комиссиях для определения пригодности к службе в органах прокуратуры и обязательной специальной проверки;

13) справки органов правовой статистики и специальных учетов об отсутствии судимости, привлечении в течение года к административной ответственности в судебном порядке за совершение умышленного правонарушения, дисциплинарной и административной ответственности за совершение коррупционных правонарушений;

14) характеристики с последнего места работы (учебы).

Представление неполного пакета документов является основанием для отказа в их рассмотрении.

Граждане могут предоставлять дополнительную информацию, касающуюся их образования, опыта работы, профессионального уровня и деловой репутации (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых (академических) степеней и званий, характеристики, рекомендации, научные публикации).

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в течение 5 рабочих дней со дня последней публикации объявления о проведении конкурса: город Астана, пр. Мәңгілік ел, 14, телефон для справок: 8(7172) 30-17-05, 71-22-20е-mail: 7172238@prokuror.kz.

Кандидаты, допущенные к собеседованию, проходят его в ГУ «Главная транспортная прокуратура» в течение трех рабочих дней со дня уведомления кандидатов о допуске их к собеседованию.

Расходы по участию в конкурсе (проезд к месту проведения тестирования, собеседования, стажировки и обратно, наем жилого помещения, проживание, пользование услугами связи всех видов и другие расходы) граждане производят за счет собственных средств.

Важным условием предупреждения пожаров от печного отопления является строгое выполнение правил пожарной безопасности при их эксплуатации:

- печь необходимо подготовить к отопительному периоду, а потом следить за исправностью печи и дымохода, ремонтировать их, вычищать сажу, замазывать трещины глиняно-песчаным раствором, белить дымовую трубу на чердаке и выше кровли;

- не оставлять топящиеся печи без присмотра, а также не поручать присмотр за ними малолетним детям;

- постоянно разъясняйте детям серьезную опасность игр с

СУББОТНИК ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Сотрудниками районных и городских подразделений ДЧС Алматинской области 5 января проведен субботник пожарной безопасности. Сотрудники ДЧС произвели обход жилых домов, торговых точек, объектов с массовым пребыванием людей, а также на улицах разъясняли гражданам правила пожарной безопасности, раздавая корешки, памятки с инструкцией по пожарной безопасности. Данные рейдовые мероприятия предназначены для снижения пожаров, гибели и травмирования людей от пожаров, отравления людей от угарного газа, отмечают специалисты.



огнем, организуйте разумный досуг ребят. Не разрешайте им самовольно пользоваться бытовыми нагревательными приборами, убирайте спички в недоступные для них места, а также не оставляйте детей без присмотра;

- не применять для розжига печей бензин, керосин, дизельное топливо и другие легковоспламеняющиеся и горючие жидкости;

- не топить углем, коксом, га-

зом печи, не предназначенные для этих видов топлива;

- не располагать топливо, другие горючие вещества и материалы на предтопочном листе;

- не сушить одежду над печами;

- отопительные печи должны иметь установленные нормами противопожарные разделки (отступки) от горючих конструкций, а также предтопочный лист установленного образца.

Е. ТҰРСЫНҚАНОВ.

Полосу подготовил Еламан АЛМАТҰЛЫ.

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ

ЖЫРҒЫ МЕҢ МҰҒЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

2017 жылдың 20 сәуірінен бастап газ құбырларға жіберіліп, нысана пайдалануға берілген. Салынған газ құбыры одан әрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның теңгеріміне өткізу арқылы сенімгерлік басқармасына өтінді. Бір ғана Талдықорған қаласындағы газбен жабдықтау жүйесінің жалпы ұзындығы 1,2 мың шақырымды құрайды, ішкі қалалық құрылысы төрт кезеңге бөлінген. Бөлінген қаражаттың көлемі де аз емес – 22,5 млрд теңге. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметтеріне сенсек, құрылыс-монтаж жұмыстарынан кейін бірінші кезекке ілінген тұрғын үй-жайлар, яғни 20 мыңға жуық абонент қазірдің өзінде көгілдір отынды маздатуы тиіс болатын.

Республикалық бюджет есебінен газ бөлу жүйелерінің II және III кезектерінің құрылысы басталып, 32, 4 мың абонентті газбен жабдықтау жоспарланған. Төртінші кезеңнің құрылысы аяқталғаннан кейін 23,5 мың адам көгілдір отынды пайдаланатын болады. Бұл бағытта Жеміс бағы, Агроөнеркәсіптік тұрғын аудандары, Юбилейный, Еркін, Көктал, ауылдары, шағын аудандары, қала маңы және Үйтас саяжайы газдандырылатын болады.

Газ берудің құнына келетін болсақ, Талдықорғанда бағасы аса қымбат емес. Газбен жабдықтаудың қолданыстағы жүйесі арқылы берілсе, 30 мың теңгеге жуық болады, ал газбен жабдықтаудың қолданыстағы жүйесі болмаған жағдайда 70 мың теңгеге дейін төлейді. Дәл осындай көрсетілген қызметке төленетін қаржы 350 мыңнан 700 мың теңгеге дейін ауытқиды.

Облыстың басқа аудандары тарапынан «нәліктен бұлай арзан» деген заңды сауал туындауы мүмкін. Мұның себебі былай, өйткені әкімшілік орталығындағы газбен жабдықтаудың ішкі қалалық жүйесі бюджеттің есебінен салынған. Ал, аудандарда газ жүргізуді жекеменшік инвесторлар жүзеге асырады. Бағадағы ауытқушылық осыдан туындайды. Бірақ бұл сандар депутаттарды қанағаттандырмады. Олар залда отырған «ЖЕТІСУ-ОБЛГАЗ» ЖШС-нің өкілі Рашад Имамадиев пен тұрғын үй-коммуналдық



шаруашылық басшысы Айдар Беркімбаевтан қанша шақырымға құбырлар тартылғаны, қанша үй шаруасындағы әйел көгілдір отынды пайдалануға мүмкіндік алғаны туралы айтып беруін талап етті.

– Сіз Талдықорғанда 2 мың абонент табиғи газға қосылды деп отырсыз. Ал есеп бойынша бұл көрсеткіш 15 мың деп көрсетілген. Нәліктен олар күні бүгінге дейін табиғи газ алмаған? Алматы облысы бойынша мемлекеттік газдандыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін газбен жабдықтаудың ішкі қалалық жүйесі құрылысына қыруар ақша бөлінсе де, адамдар күні бүгінге дейін газсыз отыр. Құр игерілген қаражат туралы жалаң цифрларға жүгінгенше, жағдайға белсене араласқан дұрыс емес пе? Өкінішке орай, 100 пайыздық дайындық кезеңінің өзінде көшелер тұтасымен көгілдір отынға қосыла алмай отырғаны қатты қынжылатады, – деп сауалын қойды Алматы облыстық мәслихат депутаты Ызғарбек Бектұрсынов.

Депутаттың уәжін «Қазақстан газ ұйымдары қауымдастығының» президенті Жуасбек Сейітжапаров та қостады.

– Алматы қаласы мен Алматы облысының әуе бассейнінің экологиялық тазалығы үшін біз мемлекет басшысының алдына қойған негізгі міндеттердің бірі – газды елді мекендерге жеткіземіз. Табиғи газ және газ жылытудың пайдасы ту-

ралы үлкен түсіндірме жұмыстары жүргізілгеннен кейін ондағанықтимал абоненттер бізбен келісімдер жасасты. Алайда, барлық қажетті құрылыс-монтаж жұмыстарын

жеткізуге елеулі әсер етті, – деп өз наразылығын білдірді.

Табиғи монополиялар субъектілеріне реттелетін қызметіне қол жеткізу үшін заңды бұза оты-



аяқтағаннан кейін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Жетісу филиалы аяқталған жұмыстарды қабылдауды кешіктіре бастады. Соның салдарынан тапсырыс берушіге жұмыстарды

рып ақы талап етеді. Кәсіпкердің айтуынша, жұмысты аяқтаған туралы мәлімдеуден хабарлама алған күннен бастап, екі күн жұмыс күн ішінде табиғи монополияның субъектісі берілген техникалық шартқа сәйкес, атқарылған жұмысқа тексеруді жүзеге асырады да, сәйкес болған жағдайда абонентке газды қосады.

Алайда, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу филиалы «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мойындамайды. Оның үстіне ережелер мен нормативтерге сілтеме жасай отырып, олар өздерінің атқарған жұмысты қабылдауын үнемі кешіктіреді. Мұның бәрі Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келеді. Сайып келгенде кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтары бұзылуына жол беріледі. Мұндай жағдай адамдар арасында әлеуметтік-экономикалық дүрбелең туғызуы да мүмкін екенін тілге тиек етті.

Ол өз сөзін растай отырып, Ж.Сейітжапаров газ желілері қосылған тұтынушылардың мекен-жайларын да атады.

Шынтуайтына келгенде, «көгілдір отын» ол жерлерде мүлдем жоқ. Бұл

үйдің тұрғындары газды іске қосуға өтінімдерін былтыр, 2018 жылдың қазан айында берген. Сол уақыттан бері олар ғажайып сәтті күтумен жүр. Газ өнеркәсібі көшбасшысының айтуынша, монополистің бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерінің нәтижесі 2015 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін газдандыру қызметін көрсететін 189 жеке компаниялардың қазір 87-і ғана қалыпты. Бүкіл аймақты газдандыруға кедергі келтіретін мәселесі бойынша Ж.Сейітжапаров «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу филиалының жекеменшік бизнес арасындағы тығыз байланыстың жоқтығын алға тартты.

– Монополист бір ғана жекеменшік компания бұрынғы – «Zenit TVK» ЖШС-нің 2018 жылдың 15 наурызында «ГазҚұрылыс» ЖШС-і болып өзгертілген, «Зенит АВКА» жекеменшік компаниясының мүдесін белсенді жақтауды жалғастыруда. Ол да біз сияқты газбен жабдықтаудың ішкі жүйесін жүргізумен шұғылданады, – деп, депутаттарға мәселенің мәнісін ашып берді. Бұл компания да барлық аумақты қамтығысы келеді. Алайда, мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан бізде проблемалар бар. Монополист кәсіпкерлер құқықтарын бұзылуының бірнеше сәттерін атап, газданды-

ру саласында қызмет көрсетуші жекеменшік компанияның өкілі жергілікті атқарушы биліктен, депутаттардан, сондай-ақ, прокуратура органдарынан қалған 87 жекеменшік компанияны «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу филиалының өктемдігінен қорғауды сұрады.

Жиында «KBS GAZ» ЖШС директоры Қайрат Жұманов өз кезегінде депутаттарға «ҚазТрансГаз» АҚ-ның жапсарлас кәсіпорны «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалының атына шағымданды. Оның айтуынша, 2014 жылы оның фирмасы жобалау-сметалық құжаттамасын орындап, оны Алматы қаласының Болашақ ауылы және Алматы облысы Іле ауданы «Құс фабрикасы» және «Достық» бағбандық қоғамдары тұрғындарының алдында қорғаған. Кейіннен тартылатын және ішкі кеніштік газ құбырларын жекеменшік қаржысына салды. Осы аталған газ желілерінің құрылысына және оларды ұстауға 85 миллионнан астам теңге жұмсаған. Бұның сыртында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ы Алматы филиалы және «Интергаз Орталық Азия» АҚ-мен теңгерімдік шектеу актісіне қол қойылды. Аталған газ жүйелерін «Пром Газ Эксперт» ЖШС жүргізді.



– Біздің жазбаша рұқсатымызбен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы филиалы жергілікті тұрғындарға техникалық шарттары берілген болатын. Алайда 2018 жылдың мамырынан бастап халыққа техникалық шарттарды беру тоқтатылғандығы нәтижесінен түсінбейтінін Қ.Жұманов ашына айтты. Біздің абоненттерге қатысты міндеттемелері болды. Олар біздің жұмысымызға шағымдана бастады, біз оларға мәселенің мән-сін түсіндірдік. Олар наразылықтарын Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі комитетінің департаментіне, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне шағымдар жазды. Өйтсе де, бұл шағымдар бойынша қандай да болсын түсініктеме берілместен тек қағаз жүзіндегі жалтарма жауап ғана алынды. «KBS GAZ» ЖШС-нің газ тасымалдау ұйымы ретінде Табиғи монополияларды реттеу комитетінде монополистердің республикалық тіркеліміне ілінуі оның жағдайын күрделендіре түсті.

– Біз табиғи газды тасымалдаудың бағасының әрбір 1000 текше метрін 1999 теңге бойынша есептейміз. Бұл өңірдегі ең төмен баға болып табылады. Осы әрекетіміз арқылы өзіміздің жағдайымызды тым шиеленістіріп алдық, – деп назаланады Қ.Жұманов.

Кім майлы жіліктің басымен бөліскісі келеді дейсің. Кәсіпкердің баса назар аударып отырғанындай, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Бас директоры Сүлейменовтің атына табиғи газды тасымалдауға шарт жасасу туралы алты рет хат жолдаған. ҚР «Газ туралы» Заңына сәйкес, газдың Ұлттық операторы болып солар бекітілген. Алайда, күні бүгінге дейін бұл ведомствоның бастығы оның өтінішіне құлақ асар емес. Қазір адамдардың басынан өткеріп отырған мердігерлердің газ құбырлары жүйелерін, газ бөлінетін тетіктерді, тазарту құрылғыларын және газ жүретін жолдарын салу кезінде келтіріп отырған қолайсыздықтарын халыққа көрсетіп отырған қорлық деп түсінбестен басқа амал қалмауда. Көп пәтерлі және жекеменшік үйлердің тұтынушылары газ жүйелері үйлеріне тартылып қойса да көптен күткен көгілдір отынға зарығып отыр.

Текелі қаласының өзінде осындай 350 үй бар. Ал, сайып келгенде «Талдықорған – Текелі» газ құбырын тарту құрылысы және ішкі қалалық жүйелер аяқталған. Бірақ, тұрғындардың үйінде газ жоқ. Инвестордың бекітуінше мәселенің бәрі «АС-ТАС Инвест» ЖШС ұлттық операторына келіп тіреледі. «ҚазТрансГаз» АҚ газ жеткізуді созбалақтауда.

Алматы облысының Іле ауданындағы «Болашақ», «Құс фабрикасы» ауылдарының, «Достық» бағбандық қоғамының ондаған тұрғындары да шамамен осындай жағдайға тап болған.

– 9 шілдеде менің тереземнің астынан өтіп жатқан газ магистраліне қосылу үшін техникалық шарт алуға жеке өзім өтінім жаздым. Алайда, бас тарту алдым. Аталған ауданда табиғи газдың қажетті жүйелернің жоқтығына байланысты менің үйімді газдандыру қазіргі уақытта мүмкін болмай тұр. Менің көршілерімнің үйінің бәрі газбен жылытылады, тек менде ғана қатты отынмен жанатын пеш тұр, – деп Байзақов кешесі 125-үйдің тұрғыны Талғат Жақыпбеков қынжыла баяндайды.

Болашақтың жиналған тұрғындарының сөздері бойынша бұл жекеменшік компанияны олар төрт жыл бұрын жалпы жиналыста сайлап алған. Олардың жобалау-сметалық құжаттамаларымен танысып, бір ауыздан қолдаған. Осыдан кейін инвестор газ жүретін құбырлар мен ішкі кенттік газ құбырларын салған. Айда Айсарованың да шешімін таппай отырған мәселесі осындай. Ол да бес айдан бері «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалының табалдырығын тоздырып келеді.

– Менің көршілерім баяғыда газ құбырына қосылып алған. Біздің мүмкіндігіміз болмады. Осы

жылдарда біз тірнектеп жинаған қаражатымызға ақыры ортақ магистральға қосылуды ұйғардық. Алайда, біздің өтінішімізден олар бас тартты, – деп ренішін білдірді. – Менің босанатын уақытым да келді. Жақында перзентханаға барып нәрестелі болатын сәтім де таяп қалды. Ал үйде жылу жоқ. Егер жаз айында техникалық шарт алып, іске кіріссек, күзде үйге жылу келер деп ойлағанбыз. Алайда қателесіппіз. Күнде барамын, газ құбырлары тереземіздің астында орнатылып тұрса да менің үйімді газға қосқылары келмейді.

Ал Айгерім Жетпісбаеваның мәселесі басқаша. Ол болса, газ өтетін «арканы» көтеруге рұқсат ала алмай жүр. – Біз де техникалық шарт ала алмай жүрміз. Бізде қарапайым тұрғындарға құлақ асар емес, – дейді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысы Айдар Беркімбаевтың мәліметтері бойынша, Ескелді ауданының Қарабұлақ кентінде ішкі кенттік жүйелер және тоғыз ауыл газдандырылатын болады. 2016 жылы жекеменшік инвестиция есебінен «Байсерке – Қапшағай» газ құбыры жүйелері құрылысы басталды. Қазіргі күнге дейін табиғи газды 20 абонент пайдаланады. ТОО «Қапшағай өңірінің газ жүйелері» ЖШС-і инвесторының алдын ала есебіне сәйкес абоненттің қосылуының орташа құны 400 000 теңгені құрайды. Көксу ауданының Балпық би кентінде 3 000 абонент газға қосылған. Жаркентте 10 000 қалалықты газбен қамту жоспарлануда. Қазірдің өзінде 115 абонент газға қосылған. ТОО «APL Construction» атынан инвесторлар тартудың есебінен Еңбекшіқазақ ауданында елді мекендерді газдандыру жүргізілуде. Ескіте 57 абонент газға қосылса, Шелекте 4 абонент көгілдір отынды пайдалануда.

Сонымен бірге Айдар Беркімбаевтың айтуынша, Қарабұлақ кентінде 2016 жылы жеке инвестиция есебінен Әли және Ақши ауылдарын да газ бөлу жүйелерінің құрылысы басталды. Газбен жабдықтаудың ішкі кенттік жүйесіне 80 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалды. Ескелді ауданының тоғыз елді мекен мен ауыл арасы газдандырылады. Ұйғыр, Балқаш, Кербұлақ, Қаратал аудандарының елді мекендерінде газдандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Облыстың басты коммуналшысының есебінде көрсетілген осы елді мекендердің бәрін аралап өтетін болсақ, саны жағынан да, бағасы бойынша да едәуір үйлеспешілік анықталуы әбден мүмкін. Дегенмен тұрақты комиссияның тұтас мәжілісін газдандыру тақырыбына арнаған облыстық мәслихат депутаттарына газ тұтынушылардың зары жеткен сияқты.

Ең бір өкініштісі – бұл басқосуда Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы мен «ЖЕТІСУ-ОБЛГАЗ» ЖШС-нің өкілінің «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ына қарсы дәрменсіздігі туралы мойындауы.

«ЖЕТІСУ-ОБЛГАЗ» ЖШС директорының орынбасары Рашат Имамадиев: «Біз араласа алмаймыз, оған күшіміз де келмейді», – деп ашығын айтты.

Қорыта келгенде, халық қалаулылары газдандыру бағдарламасы төңірегіндегі жағдайды жұмыс тобының талқылауына шығаруды ұйғарды.

– Бұлай болмайды! Біз мұндай маңызды бағдарламаны бетімен жібере алмаймыз. Адамдар 350 000-700 000 теңгеден жұмсай отырып, нәтижесінде күні бүгінге дейін табиғи газ ала алмай отырғанын анықтау керек. Егер бұған сіздердің рухтарыңыз бен шамаларың жетпей жатса, онда бұл мәселемен біз айналысамыз, қажет болса, Алматы облысының прокуратурасын да қосамыз, – деп тоқсан ауыз сөздің түйінін тарқатты облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы Ызғарбек Бектұрсынов.

Халық қалаулыларының азулары қаншалықты алымды екенін уақыт көрсете жатар.

Айтақын МҰХАМАДИ.



12 ҚАҢТАР - ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ
12 ҚАСИЕТІ

Дінмұхамед Қонаевтың өмірінде және қызметінде «2», «12», «22» деген сандарға байланысты тылсым, сыры жұмбақ жағдайлар өте көп. Дінмұхамед Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда дүниеге келді. 82 жасына қараған шағында 22 тамыз күні (1993) дүние салды. Өмірінде үлкен қызметке келуі тағы «2» санымен байланысады.

1942 жылы комбинат бастығынан бірден «совмин» төрағасының орынбасары болып, 1952 жылы Академия президенттігіне сайланады. 1962 жылы 12 айда Хрущевке қарсы келіп, бірінші басшылық қызметтен кетуге мәжбүр болады. Арада 12 жыл өткен соң бұрынғы орнына қайта келеді. Алғашқы үлкен Мемлекеттік марапатты, яғни Еңбек Ері атағын 1972 жылы алады. Ал үшінші «Алтын жұлдыз» Дінмұхамед Қонаевқа 1982 жылы берілді. Тізе берсек, Дінмұхамед Қонаевтың өмірінде «тылсым сан» нысандары жалғаса береді. Ең қайран қалдыратыны – Дінмұхамед Қонаевтың бойында әл-Фараби даналығы бойынша кемеңгер патшаға тән «12» қасиеттің түгел тоғысқанына көзіңіз жетеді.

әл-Фарабидің даналығында кемеңгер басшы өзінің сүйек-сыны, сыртқы тұлғасы арқылы ерекше көрінуі керек. Яғни ол адам өте сымбатты: «мінсіз, мүсіндей әдемі, иманжүзді болуы тиіс». Дінмұхамед Қонаев жаратылысынан көрікті, бойшаң және жүзінен нұр төгіліп тұратын иманжүзді кісі еді. Кеңестік дәуірдегі мемлекет қайраткерлерінің ішіндегі ең сымбатты, бой жағынан да, ой жағынан да ерекше бөлек тұлға Дінмұхамед Қонаев екені белгілі.

Кемеңгер адамның бірінші қасиетін айттық. Екінші қасиеті туралы дана ол адам «өзіне айтылған сөздің бәрін терең түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес жан-жақты тез ұғып алатын аса зерек болуы керек» – дейді. Дінмұхамед Қонаевтың зеректігі мен бәрін біліп, сезіп тұратын айрықша қасиеті жөнінде кемеңгер қасында жүрген дананың серіктері қазірге дейін данана айтады. Дінмұхамед адамның ішіндегісін біліп тұратын, сөзінен не ойлайтынын тез аңғаратын зерек жан еді. Дінмұхамед қариялардың сөзін мұқият тыңдап, сол бойынша кеңесіп, мәселе шешетіні көптеген естеліктерде айтылады.

Үшінші қасиеті туралы әл-Фараби былай дейді: «Ол өзі жүрген, көрген, естіген нәрселердің бәрін зердесіне ұзақ сақтайтын, бұлардан еш нәрсені ұмытпайтын адам болсын» – дейді. Дінмұхамед Қонаевтың зерделілігі өз алдына – есте сақтау қабілеті аңызға айналған. Өзі араласқан оқиғалардың жыл, ай-күні тіпті, сағат, минутына дейін ол кісінің есінде өле-өлгенше сақталған. Қазақстандағы мыңдаған колхоз-совхоздардың,



ҒАСЫРДЫҢ

ДАРА ПЕРЗЕНТІ

жер-судың және озат шопан, механизаторлардың есімін өмірінде ұмытпаған. Өндіріс, экономикаға байланысты сандар мен цифрларды кез келген жағдайда жаңылмай айтып отыратыны ғалымдардың өзін қайран қалдырған. Дінмұхамед Қонаев естелігінде сүйген жары, өмірлік серігі Зухра Шәріпқызымен қанша жыл, қанша ай және қанша күн бірге болып, өмір сүргенін жарықтық сағатына дейін есіне сақтаған ғой. Дінмұхамед Қонаевтың есте сақтау қабілетіне теңеу жоқ. Бұл Қонаевтың құбылыс екенін дәлелдейді.

Төртінші қасиет туралы былай делінеді. «Бірінші басшы терең ой иесі және жадына сақталғандардың бәрін айдан-анық етіп айтып бере алатын шебер әрі шешен болуы шарт».

Дінмұхамед Қонаевты естігендері мен көргендерін өте шебер әрі бейнелі тілмен әңгімелейтін хас шешеннің өзі еді. Сөз арасында әдемі әзіл айтып баурайтын.

Белгілі қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевты «қара сөздің қаймағы еді ғой» деп естелігінде жазады. Димекеңнің бойында ақындық қасиет болған. Студент кезінде өлең



жазған. Дінмұхамед Қонаевтың шешендігі Төле би мен Белтірік шешеннің «сөз киесін» елестетеді. Димекеңнің өзінің естелік кітабында ел ішінде сирек айтылатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді орынды жерінде қолданады.

Кемеңгер басшының бесінші қасиеті «ғылым-білім мен өнерге жаны құштар, әр күн сайын оқып

үйренуден шаршап-шалдықпайтын адам болуы керек» екен.

Дінмұхамед Қонаев туа біткеннен ғылым мен өнерді терең түсініп, ғылым жолында еңбектенген білімпаз еді. Қонаев ғылым саласында жаңалық ашқан және болжам жобалары нақты іске асып, өндіріске енген инженер-ғалым еді. Техника ғылымдарының докторы

Қонаевтың бұл саладағы еңбегі өз алдына. Қаныш Сәтбаевтан кейінгі Академия президенті Димекеңнің ғылым әлемінде өзіндік ізденіс жолы болды. Академияға Димекең басшылық еткен жылдары «қазақ ғылымында» даму болды. Димекең елуінші жылдары Қытайға барған сапарында Қазақстандағы геология ғылымы туралы баяндама жасай-

Таулар алыстаған сайын асқақтай түсетіні ақиқат. Қазақ үшін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сондай – тау тұлға.

Ұлтының ұйытқысы болған, орны бөлек кемеңгердің қазақ еліне сіңірген еңбегі өлшеусіз. Бүкіл саналы өмірін Қазақстан экономикасы мен мәдениетін өркендетуге жұмсап, Қазақстанның өнеркәсіптік және шикізаттық базасын, құрылыс инфраструктурасын, ғылым-білімін өркендетуге көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар оның баға жетпес кісілік келбеті мен адами зор қасиеттері де уақыт өткен сайын мейлінше тұлғалана түсуде. Ол туралы том-том кітап жазып, бүкіл ел-жұрт жабылып, күні-түні шежіре шертсе де сағынышты сырдың түгесілмесі анық. Бүгінде тау тұлғаның шынайы болмысы, азаматтық келбеті ауыздан-ауызға өтіп, аңыз болып таралуда.

Осындай халқымыздың біртуар перзенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д. Қонаевтың өмірге келгеніне биыл 107 жыл толды.

Елу жыл ел ағасы болған Д. Қонаев тәрізді ірі тұлға жөнінде айтылар сөз де, естелік те әрқашан жетіп артылады. 31 жыл халқымызды басқарып, халқының суығына тоңып, ыстығына күйген қайраткер ғасырдың дара перзенті болып халқының жүрегінде мәңгілікке қалмақ.

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

Адам айнасы – адам.

Тәуелсіздіктің жүзі ауыр.

Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру.

Ақиқаттан айтап кету – арға сын.

Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аяндау.

Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан айтпама.

Қанмен сіңгенді қасиеті емесен, қадірің болмайды.

Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті.

Адалдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын.

Сенім – құдіретті күш: тауды да қозғайды.

Орынды сын ойлантпай қоймайды.

Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім,

соған үйрендім.

Малада шындық болмайды.

Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың.

Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын

өзгертіпейді.

Дінмұхамед Ахметұлы ҚОНАЕВ.



12 ҚАҢТАР - ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ



ды. Қапшағай теңізінің өмірге келуі Қонаевтың ғылым жетістіктерін пайдаланып, ғылыми болжамдар мен жоба зерттеулерді еске алуының нәтижесі еді.

Өзі ғалым Димекең ғалымдар үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Ал, өнер мен мәдениетке дәл Дінмұхамед Қонаевтай жанашыр басшы болған жоқ. Дінмұхамед Қонаев дәуірін өнер адамдары мен жазушылар қазір «алтын ғасыр» деп атап жүр.

Дінмұхамед Қонаев театрға жиі барды, ақын-жазушылардың жаңа шығармаларын оқып, авторларға өз пікірін айтып, олармен етене жақын араласты. Ғылым мен өнер саласын дамытудағы Димекең еңбегі ұшан-теңіз. Дінмұхамед Қонаев естелігінде ғылымның «тылсым сырлары» жөнінде терең ойлар айтады. Ғалым Қонаевтың бай кітапханасында атақты ғалымдардың кітаптары толып тұр.

Алтыншы қасиеті жөнінде ұлы философ: «Тағамға, ішімдікке, сайран-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болу керек» – дейді.

Дінмұхамед Қонаев тағамды талғап, тек адал асты ғана жеген. «Пейіш жемісі» алма жеуі әдеті еді. Өйткені алманың ағзаға пайдасы мол. Арақ-шарап ішу Димекеңе жат болды. Шарапқа (коньяк) аузын тигізгені болмаса алмайтын. Анда-санда тек «ырымын» жасап, дос-жарандарының көңілі қалмау үшін осылай ететін. Басында темекі тартқаны рас. Денсаулығына байланысты дәрігерлердің кеңесіне көніп, шылымды үзілді-кесілді қойып кетеді. Дінмұхамед Қонаев у-шу қала өмірін ұнатпаған. Той-думанда шалқып сайран салған жоқ.

Қонаев барлық жағынан қанағатшыл болып, көзінің тірісінде шын әулие атанды. Жетінші қағидада айтылғандай Дінмұхамед Қонаев «жаратылысынан сауық құмарлықтан аулақ болды».

Демалысын таза ауада серуендеп, табиғат аясында өткізуді бұлжымас әдетке айналдырды. Аңшылық, саятшылық салт және мергендік өнер Димекеңнің көзі жұмылғанша тастамаған ермегі әрі



көңілді демалысы еді.

Сегізінші қағидада кемеңгердің шындықты сүйіп, жалғандыққа қарсы тұруы жөнінде айтылады.

Дінмұхамед Қонаев өтірік-өсек айтқандарды жек көрді. Жалған сөйлегендерді ұнатпады.

Колбиннің (сол кездегі бірінші басшы) өзі туралы жалған сөйлеп, Мәскеуге өтірік айтқан өресіздігі мен екіжүздігін кешірмей кетті. Желтоқсан оқиғасына байланысты

Дінмұхамед Қонаевты Колбин орынсыз кінәлап, айыптаған болатын.

Дінмұхамед Қонаевтың үстінен арыз жазып, өзі тасада тұрған белгілі партия қайраткері кейін арыздағы айтылғандар өтірік болып шыққанда Қонаевқа жалынып, кешірім сұрайды.

Тоғызыншы қағидада жазылғандай Димекең «жаны асқақ және ар-намысын аса ардақтайтын адам» еді.

Дінмұхамед Қонаевтың кісілік, адамгершілік, бекзаттық қасиеті және тәрбиесі – өнеге. Мұны халық жақсы біледі.



Хрущев Димекеңді бірінші басшылық қызметтен алып, қорлап, ар-намысына тигенде Қонаев: «Мені енді басшылық жұмысқа қоймаңыз. Инженер-геологпын. Геология институтына кетейін» дейді. Хрущев «Сіз бізге әлі де керек адамсыз» деп еріксіз «совминге» төраға етіп тағайындады.

Дінмұхамед Қонаев – ар-намысына кір шалдырмаған дана. Қарапайымдылығы мен кісілігін жоғалтқан жоқ. Зейнетте жүргенде де өзін төмендетпеді. Сондықтан көзінің тірісінде «әлемге әйгілі әулие» атанды. «Оның жаны жа-



рматылысынан пасық істердің бәрінен жоғары, игі істерге ынтызар болуға тиіс» деп оныншы қағидада айтылғандай Дінмұхамед Қонаев игі істердің ұйытқысы, жасампаздықтың жолбасшысы еді.

әл-Фарабидің он бірінші «қағида-қасиетінде» «Әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін адам болсын» деген жолдар дәл Димекеңнің өзіне арналып айтылғандай әсерде қалдырады.

Қызметтен қуылып, партиядан шыққан талай бастықтардың «Қонаев қабылдауында» болып, әділ шешімді сол кісіден көріп, көсем жайында тебірене айтқандарын көп естідік. Димекең саясатқа байланысты сотталып кете жаздаған ақын Олжас Сүлейменовті арашалап алды. Мәскеуде қиянатқа қарсы ұстанымын айтты, ақынды ақтады.

Дінмұхамед Қонаев бар болмыс-бітіммен әділдікті сүйді, өктемдік пен озбырлыққа жол берген жоқ. Мүлт кетіп, пендешілікке барған кездері болған шығар. Қатты кетіп, біреуді ренжіткен де болар. Бір қайран қалдыратын нәрсе халық арасында Қонаев туралы бір қаңқу сөз, реніш, өкпе жоқ. Өйткені Дінмұхамед Қонаев – өте әділ болған кісі. Бұл жағынан Дінмұхамед – бүгінгі емес келер ұрпаққа да үлгі болатын кемеңгер. Осы жерде бір оқиғаны айта кету жөн болар. Димекеңнің інісінің ұлы жас бозбала бірде қызып алып, оның күзетшісінің біріне жөнсіз тиіседі. Күзетші сыбағасын береді. Оның үстінен біреулер «үлкен кісінің» туысына «қол жұмыстары» деп арыз жазады. Шағым Димекеңе де жетеді. Күзетшіні шақырып, шындықты білген соң: «Сенікі дұрыс. Сазайын берісің» деп кінәламай қайта оны қорғайды.

әл-Фарабидің он екінші қағидасында, яғни басшы қасиеті



жөніндегі тәмсілінде мынадай жолдар бар: «Өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер шешімпаздық танытып, бұл шақта қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін бірбеткей, батыл, ержүрек болуы міндет» дейді. Мұнда айтылатын көсемге тән батылдық пен ержүректік Димекеңнің бойында туғаннан бар еді. Атасы Қонайдың батыр, қорқуды білмейтін ержүрек қазақ болғаны белгілі. Оның бойындағы қасиет шөбересі Димашқа да дарыған ғой.

О баста тау-кен инженері Қонаев Қоңыраттағы кеніште «қауіпті қопарылыстар» жасау жұмысына жауапты болады. Жазым, жазмыш болып тұратын жерде Димекеңнің қорықпай тәуекелге барған кездерін халық біле бермейді. Қапшағай су қоймасын салу жөніндегі Димекеңнің батыл шешімі мен іскерлігі тарихта өшпестей болып жазылып қалды. Медеу шатқалында тау жарып, қопарылыс арқылы бөгесін жасау «жоспар – шешіміне» басында кейбір ғалымдар «Алматыға қауіп төнеді» деп бұған қарсы болды. Дінмұхамед Қонаев айтқанынан қайтпады. Соңында үрей қорқынышты елестеткен «қопарылыс әрекеті» сәтті болып тауда бөгесін жасады. Медеудегі кейінгі сел-тасқын (1973 жыл) кезінде Димекең басын бөйгеге тігіп, су көкке шапшыған бөгеттің үстінде өзі жүрді. Өміріне қауіп төніп тұрғанын елемей, тасқын су бойында жұмысшылар мен мамандарға кеңес берді. Медеудегі оқиғаға байланысты Кеңес Аухадиев өз естелігінде Димекеңнің халқы үшін бөріне батуға даяр шын ұлт перзенті екеніне көзі жеткенін айтады.

Ораз ҚАУҒАБАЙ,
қаламгер, қонаевтанушы.

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

«Ақиқаттан аттауға болмайды» атты автобиографиялық кітабында Д. Қонаев өзінің ұлы жүздің Ысты руынан шыққанын айтады. Ұйғыр жазушысы А. Ганиев болса «Исмаил Юспов: С чистотой помыслов» атты деректі повесінде Қонаевтың ұлты – татар, қызметте жоғарылау үшін төлқұжатта «қазақ» болып жазылды деген тұжырым жасайды.

Қонаевтар әулетінен үш академик шыққан, олар: өзі, інісі Асқар, әпкесі Әминаның баласы – Едіге Түркебаев. Әр түрлі ғылым саласындағы оннан астам ғылым кандидаты шыққан.

1967 жылдың күзінде Алматинка өзенінің жағалауындағы жартасқа зарядтар қойылып, қолдан жарылыс жасалды. Сөйтіп, селден қорғайтын бөгеттің негізі қаланды. 1973 жылы араға уақыт салып екі дүркін соққан алапат селге осы бөгет тосқауыл болды. Селге қарсы қарбалас жұмыстарға Қонаев өзі жетекшілік етті.

Жазушы Әлжаппар Әбішев – Қонаевты ең жиі сынаған адамдардың бірі. Д. Қонаев басқа пәтерге көшкенде 3 бөлмелі пәтерін басқаға емес, сол Ә. Әбішевке қалдырған.

Министрлер кабинетінің төрағасы болғаннан кейін академик атағы үшін төленетін 340 сом төлемақыдан бас тартқан. Бұл қаражат балалар мен жас ғалымдарға көмек ретінде аударылып отырған.

Қазіргі Абылай хан – Бөгенбай батыр даңғылдарының қиылысындағы үш қабатты үйде тұрған Қонаевтың таңертең Үкімет үйіндегі жұмысына жаяу аяңдап бара жатқанын халық жиі көрген.

Өте қарапайым өмір сүрген. Қонаевтың үйіне алғаш келген И. Брежнев бір бөлме, ас үй және жеке кабинетін көріп «Иәә! Бізде полтбюроның мүшелері де бұдан жақсы тұрады!» деп таңданысын білдіріпті.

Коллекциялық қару-жарақ жинаумен айналысқан. 80-жылдардың соңында қуғындала бастаған кезде коллекциясындағы қару-жарақтар тәркіленген. Тәркіленген қару-жарақтардың кейбіреуі әлі күнге дейін қайтарылмаған. Қайтарылғандарының басым бөлігі қазір Алматыдағы Қонаев мұражайында. Бұл қару-жарақтарды кімдердің сыйлағаны туралы нақты құжаттар сақталған.

Сонымен қатар, оттық жинаумен де айналысқан. Коллекциясындағы 476 оттықтың біразын Жапония премьер-министрі Ясухиро Накасонэ, АҚШ Президенті Джон Кеннеди, Египет президенті Гамаль Абдеь Насер, Ирак премьері Саддам Хусейин сынды әйгілі саяси тұлғалар сыйға тартқан.

Музыканы ерекше жақсы көрген, үйінде музыка қосылып тұрғанын қалаған. Лондонға барған сапарында Майкл Джексонның, BeeGees тобының пластинкаларын сатып алған.

Әйгілі композитор Раймон Паулстың айтуынша, Роза Рымбаеваның «Песня-79» гала-концертіне қатысушылардың тізіміне енуіне Д. Қонаев ықпал еткен.

1986 жылы 16 желтоқсандағы Қазақстанның КП ОК Д. Қонаевты Қазақстанның КП ОК бірінші хатшысы қызметінен босату туралы шешім қабылданған пленумы 18 минутқа ғана созылған.

Өмірінің соңына дейін коммунистік идеяларға адал болғанына қарамастан, кітапханасында Солженицынның «Архипелаг ГУЛАГ» тарихи-көркем шығармасы болған.

Д. Қонаевтың құрметіне Алматыдағы Карл Маркс көшесінің атауы өзгертілген. Көше бойындағы фонтаны бар сквер жанында қола кеуде мүсіні қойылған. Астанада да Д. Қонаев атында көше бар.

2002 жылы Д. Қонаевтың туғанына 90 жыл толуына орай Риддер қаласына оның есімін беру туралы бастама көтерілді, алайда тиісті органдар тарапынан қолдау таппады.

Әзірлеген Нұрәтөре САМАРҚАН.

ГЛАВНЫЙ ФАКТОР ДУХОВНОГО И НАЦИОНАЛЬНОГО ЕДИНСТВА

учитывает мнения и рекомендации экспертного сообщества, занимающегося проблемами языков.

При разработке Программы был изучен опыт правового регулирования вопросов, связанных с реализацией государственной языковой политики свыше 30 зарубежных стран.

Данный документ является нормативно-организационной основой решения актуальных проблем в сфере функционирования и развития языков и создания условий для полномасштабного применения государственного языка во всех сферах общественной жизни.

Как отметил Глава государства Назарбаев Н.А.: "Мы должны приложить все усилия для дальнейшего развития казахского языка, который является главным фактором объединения всех казахстанцев."

Изучив язык и культуру других народов, человек становится равным среди них»... Благодаря нашему Президенту Республики Казахстана Н. А. Назарбаеву, в нашей стране живут и процветают люди разных национальностей, которые сохранили свой родной язык и вместе с тем изучают и говорят на государственном казахском языке

В то же время необходимо создать благоприятные условия, чтобы представители всех проживающих в стране народностей могли свободно говорить, обучаться на родном языке, развивать его".

В Доктрине национального единства государственный язык определен ключевым приоритетом, главным фактором духовного и национального единства. Овладение им должно стать долгом и обязанностью

каждого гражданина Казахстана, стимулом, определяющим личную конкурентоспособность и активное участие в общественной жизни.

**Гаухар КАСЫМБАЕВА,
судья СМЭС Алматинской области.**

Государственная программа развития и функционирования языков на 2011-2020 годы разработана в соответствии со статьями 7 и 93 Конституции Республики Казахстан; Законом Республики Казахстан от 11 июля 1997 года "О языках в Республике Казахстан"; Концепцией расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007-2010 годы, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 ноября 2007 года № 1122; Стратегическим планом развития Республики Казахстан до 2020 года, утвержденным Указом Президента от 1 февраля 2010 года № 922; Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 957 "Об утверждении Перечня государственных программ"; пунктом 3 Плана мероприятий по реализации поручений Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А., данных на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана; Доктриной национального единства.

Программа, рассчитанная на десять лет реализации, основана на анализе сложившегося в стране языкового строительства,

НАЛОГОВАЯ АМНИСТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, Налоговая амнистия коснется более 9 тысяч предпринимателей Алматинской области. С бизнесменов спишут пени и штрафы на сумму 1,6 млрд тенге

Об этом представители департамента государственных доходов по Алматинской области ознакомились в рамках «Часа налогоплательщика» в Палате предпринимателей.

Как сообщила главный специалист управления разъяснительной работы ДГД Шугыла Калибекова, налоговая амнистия коснется субъектов малого и среднего бизнеса.

«Списание пени и штрафов произойдет при условии погашения до 31 декабря 2019 года основного долга, имеющегося на 1 октября 2018 года. При этом сумма штрафа будет списана, числящаяся по состоянию на 1 октября 2018 года, а сумма пени - начисленная до

даты уплаты основного долга. Всего по области 9,6 тысяч предпринимателей попадут под налоговую амнистию. По предварительным данным, планируется списание пени в сумме 1,5 млрд тенге и штрафов в размере 102,8 млн тенге», - отметила Шугыла Калибекова.

Напомним, что Глава государства в рамках Послания дал поручение с 1 января 2019 года провести налоговую амнистию среди субъектов МСБ.

«Безусловно, амнистия позитивно отразится на деятельности предпринимателей. Это еще одна существенная мера государственной поддержки, которая в дальнейшем повлияет



на развитие проекта, создания новых рабочих мест», - добавил эксперт Палаты предпринимателей Алматинской области Санат Тусипов.

В ходе «Часа налогоплательщика» бухгалтеры обратились экспертам по вопросам приостановления и ликвидации ИП, условий оплаты имущественного дохода, выписки электронных счетов-фактур в сфере торговли и другим вопросам. Главный специалист ДГД Ауелхан Алишер также разъяснил об обязательном применении

контрольно-кассовых машин, введении единого совокупного платежа.

Отметим, что в каждую вторую среду месяца в Палате предпринимателей сотрудниками ДГД проводится «Час налогоплательщика», где осуществляется прием и консультация бухгалтеров и предпринимателей по вопросам налогообложения.

Ш. ХАМИТОВ.

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКИ В НАШЕЙ СТРАНЕ УСТАНАВЛИВАЮТ РАВНЫЕ ПРАВА МУЖЧИН И ЖЕНЩИН, ЧТО ГАРАНТИРОВАНО КОНСТИТУЦИЕЙ РК. ЗАДАЧИ ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКИ ДОСТИЖЕНИЕ СБАЛАНСИРОВАННОГО УЧАСТИЯ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН ВО ВЛАСТНЫХ СТРУКТУРАХ, ОБЕСПЕЧЕНИЕ РАВНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ДЛЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ, РАЗВИТИЯ СВОЕГО БИЗНЕСА И ПРОДВИЖЕНИЕ ПО СЛУЖБЕ, СОЗДАНИЕ УСЛОВИЙ ДЛЯ РАВНОГО ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРАВ И ОБЯЗАННОСТЕЙ В СЕМЬЕ.

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА

Однако законодательного оформления принципы равных возможностей для обоих полов недостаточно, что бы преодолеть исторически сложившиеся стереотипы о женском участии в политике, которые укрепились в гражданских институтах общества и положение современных женщин противоречиво, что проявляется в ее социальной экономической и политической активности, а так же в дальнейшем развитии института семьи.

В Казахстане женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы гендерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире. За годы независимости в Казахстане было проведено множество конференций и заседаний посвященных именно проблемам гендерного равенства. В 2005 году было принято « Стратегия гендерного равенства в РК на 2006 - 2016 годы». В 2009 году было принято 2 Закона по продвижению гендерного равенства. Согласно мировому Так же приоритетной задачей должно быть широкое гендерное просвещение политической элиты по вопросам участия женщин в политических процессах, осмысление и постановка гендерных проблем, а так же разработка методов решения этих проблем по мировому опыту.

Поэтому для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институционального развития, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия.

В целом следует отметить, что одним из важных направлений современной политике по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическое трансформация нашего общества требует от государства формирования политике, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

**Ержан БАЙМУЛЬДИНОВ,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.**

КОРРУПЦИОННЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ

Наша республика основываясь на нормах международного права, выразила намерение вырабатывать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии коррупции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Коррупционные преступления, будучи социально-правовым явлением, представляют собой общественно опасные посяательства на охраняемые уголовным законодательством общественные отношения. Общественная опасность таких преступлений определяет их социальную природу. Они опасны, потому что причиняют огромный вред социальным ценностям и экономическим устоям общества. Нередко коррупционные преступления нарушают не только уголовный закон, но и

законодательные нормы других отраслей права. Например, при злоупотреблении должностными полномочиями должностные лица принимают решения в пользу определенных юридических и физических лиц и при этом нарушают антимонопольное законодательство, закон о лицензировании, гражданско-правовые нормы, закрепляющие право граждан владеть, пользоваться и распоряжаться собственным имуществом. При этом необходимо подчеркнуть, что нарушение норм других отраслей права, а тем более нарушение норм морали, недостаточно для признания общественно опасного деяния преступным. Обязательно требуется, чтобы это деяние являлось уголовно-противоправным, т.е. было предусмотрено уголовным законом. В действующем уголовном законодательстве общественная опасность и уголовная противоправность, сформулированные в понятии преступления, неразрывны. Необходимо помнить, что только присутствие двух этих признаков определяет понятие преступления. Следует, судам обратить внимание на важность профилактической работы по устранению фактов коррупции. В связи с этим не должны оставаться без надлежащего реагирования установленные при рассмотрении дела причины и условия, способствовавшие совершению преступлений, связанных с коррупцией, которые отрицательно влияют на состояние законности в нашей стране.

**Адилет БАКЫТОВ,
судья СМУС Алматинской области.**

ОРТАҚ МІНДЕТ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с. қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сондықтан бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық мәселесі – барлық әлемді алаңдатып отырған аса өзекті мәселелердің бірі. Бұл дертпен ымырасыз күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері дүние жүзіндегі барлық елдерге ортақ міндет болып отыр.

Осыған орай, Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу бағытында Мемлекет басшысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған 2015 – 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру.

Енді «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» мәнін ашып көрейік. Тұлғаның

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол – сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті; ол – индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз, ол – жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі; жемқорлық көріністеріне қатысты материалдарды объективті және сыни көзбен бағалай білуі; сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Индивидтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейі оның тұлға ретінде дамуы деңгейінің айнасы. Яғни, әрбір адам белгілі бір деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті болады, ол не төмен, не жоғары деңгейде болуы мүмкін.

Диляра ИЗБАЙРОВА,
Алматы облысының МАЭС-ның
судьясы.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Әйелдер мен ерлер құқықтарының теңдігі

Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын органдар мен ұйымдарға назар аударатын болсақ, ол, біріншіден Қазақстан Республикасының Үкіметі, екіншіден өз құзыреті шегінде орталық атқарушы органдар және де үшіншіден өз құзыреті шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын органдар болып табылады.

Заң ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдікке жағдай жасауға қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейді.

1) Гендер – ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастардың өмірдің барлық салаларында көрініс табатын әлеуметтік қыры;

2) Гендерлік теңдік – қай жынысқа жатауына қарамастан, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін және саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өмір салаларына қатысуға нақты қолжетімділігін қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе.

Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері, ол мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру және дамыту, ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдігіне қол жеткізуге және жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікті жоюға бағытталған тұжырымдамаларды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу, қабылдау және іске асыру, ел халқы арасында ерлер мен әйелдердің тең құқылық мәдениетін тәрбиелеу және насихаттау, жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларын және халықаралық

міндеттемелерді орындау және де саясатты, әлеуметтік-еңбек және отбасы қатынастарын қоса алғанда, тыныс-тіршіліктің барлық салаларында жыныстық теңдікті қамтамасыз ету үшін қоғамның құқықтық және саяси мәдениеті деңгейін көтеру болып табылады.

Өзге де органдар мен ұйымдар ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін сақтауды осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Президентінің және Үкіметінің актілеріне сәйкес қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда мемлекетімізде әйелдердің құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету жөнінде көптеген бірқатар ұйымдар бар.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылы, Қазақстан Республикасының ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын органдар өз қызметінде гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге және әйелдердің құқықтарын қорғауға қатысатын қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Марлен ҚЫРҒАБАҚОВ,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

Ағылшын тілін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту

Қазіргі таңда мектептегі білім беру жүйесіне аса зор көңіл бөлініп отыр, соның ішінде болашағымыз бүгінгі мектеп оқушыларының білімі мен тәрбиесі – маңызды мәселе. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Өмір бойы оқу» әрбір қазақстандықтың өмірлік ұстанымына айналуды керек» – деген «Мәңгілік Ел» бағдарламасы аясында мемлекетіміздің білім сапасын арттыратын әртүрлі құжаттар қабылданып, бағдарламалар енгізілуде. Оқушылардың сапалы білім алуы мұғалімдердің білімділік және кәсіби шеберлігін қажет етеді. Үлгілі ұстаз ғана қабілетті, жан-жақты шәкірт тәрбиелей алады.

Жаңа бағдарламадан күтілетін нәтиже қол жеткізу үшін аудандық білім бөлімінің шақыруымен «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығынан келген білікті маман, тренер Сания Оспанқызынан ағылшын тілі бойынша жаңартылған бағдарлама аясында білім жетілдіру курсынан өттім. Жаңартылған бағдарлама бойынша сабақ жоспарын құрып, сабақтың мақсаттарын, бағалау түрлерін ара-жігін ажыратып, сабаққа байланысты критерия, дискриптор, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруды үйрендім. Курс барысында әріптестерімізбен бірге бағалаудың түрлері бойынша топтық жұмыстар орындадық. Кері байланыс жүргізудің тиімділігін меңгердім. Критерия – менің болашақта әрбір сабақ жоспарының маңызды бөлігі болмақ. Осы күрста алған білімді сабақтарыма қолдана отырып, тиімді әдіс-тәсілдер арқылы өзім белсенді болып оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында ашық сабақтар, коучингтер жиі өткізіп, іс-тәжірибемді басқа әріптестеріммен бөлісемін. Жас ерекшеліктеріне сай оқушыларға берілген тапсырмалар бірте-бірте күрделене түседі. Оқу процесінде білім беріп қана қоймай, та-

лантты және дарынды оқушыларды анықтап, олардың қабілеттерін одан әрі дамытуға күш саламын. Әрбір оқушының пікірін дұрыс деп қабылдап, әр тапсырманы орындаған сайын ынталандыру, формативті бағалап отыру (смайликтер арқылы, шапалақ ұру, бас бармақты көрсету т.с.с.) алдағы бағалаудың жоғары болуына ықпал етемін. Оқушылар критерий арқылы әділ бағалана отырып, өзін-өзі реттеуге дағыланады.

Жаңартылған бағдарлама арқылы өз білімді толықтыра алдым. Осы тұрғыда белсенді, білікті тренерім Сания Оспанқызына шексіз ризашылық білдіріп, шығармашылық табыс тілеймін.

Болашақта осы бағдарлама бойынша білім сапасын арттыруға атсалысып қабілетті, белсенді оқушы тәрбиелеуге үлес қосамын. Осы мақсатқа жету үшін аянбай еңбек етемін.

Нагима САДЫКОВА,
Сарқан гуманитарлық колледжі
ағылшын тілі пәні мұғалімі.

ШАРА

«Жас Отан» Жастар қанаты Текелі қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Еркін пікір» дискуссиялық алаңында ерекше басқосу өтті. Аталмыш шараның өтуіне «Жас Отан» Жастар қанаты Алматы облыстық филиалы қолдау көрсетті. Жастар арасында өткізіліп отырған бұл шараның басты мақсаты – Үш тұғырлы тіл саясаты, партияның бастамашыл жобалары қатарындағы тілдерді меңгертуге бейімделген «English for Jastar» жобасының маңыздылығы туралы талқылау болды.

Үш тұғырлы тіл мәселесін талқылады

«Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасмайды. Тек соны түсіне білу керек.

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түсуге жол ашады. Бұл – әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны – аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні», – деп есептейді Текелі қалалық «Жас Отан» жастар қанатының жетекшісі Салтанат Қадыенова.

«Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» – деген. Демек, ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақстан қазіргі жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені, еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы – көптілділік» – дейді өз кезегінде жасотандық белсенді Жұлдыз Омарова.

«Жастармен дискуссиялық алаңда кездесуді таңдаған себебіміз – бұл жерде жастар өз ойларын ашық, еркін түрде жеткізеді», – дейді «Жас Отан» Жастар қанаты Алматы облыстық филиалының төрағасы Еркебұлан Ақболатов.

Шара барысында дискуссиялық алаңда жастарға ортақ сауалдар қойылып, оларға жауап ретінде жастар өз ойларын ашық түрде жеткізді.

Ш. ХАМИТОВ.

АНА ТІЛІ

ТІЛДІ БІЛУ – ПАРЫЗ, БІЛМЕУ – ҰЯТ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗ
ӨЗ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ ҚОЛ
ЖЕТКІЗГЕННЕН КЕЙІН МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛІМІЗ – ҚАЗАҚ ТІЛІ БО-
ЛЫП БЕКІТІЛДІ. ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ТІЛ ТУ-
РАЛЫ ЗАҢЫ» КҮШІНЕ ЕНДІ.
БОЛАШАҒЫМЫЗДЫ БАЯНДЫ ЕТЕР
БАСТЫ ҚАРУЫМЫЗ – ТІЛІМІЗ.

Мемлекеттік тіл – ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы. Оны меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы және міндеті. Соңғы жылдары мемлекеттік тіл туралы айтуда да, жазуда да кемшіл жоқ. «Қазақстанның Ұлт бірлігі» докторинасы – соның жарқын дәлелі. Онда мемлекеттік тілді меңгеру бұдан былай «... әркімнің парызы мен міндеті» – деп атап көрсетілген.

Қазақ тілі – біздің ата-бабаларымыздың қаншама ғасыр бойы күресіп, қан төгіп, біз үшін, болашақ ұрпақтары үшін сақтап қалған ана тілі. Сонымен қатар ана тіл, яғни, ұлттық тіл – біздің мәдениетіміздің негізі және іргетасы. Сол себепті де қолдағы алтынның қадірін түсініп, қадірлей білгеніміз жөн.

Тіл – тарихи, мәдени және өмірлік құндылық. Тілді жасау және қалыптастыру – ұзақ уақытқа созылатын үрдіс. Әр халық өз тілін жақтаушы ұжым болып келеді. Тілдегі сөздер

қоршаған ортадағы құбылыстың, заттық ұғымның атауын білдіреді. Қай тіл болсын, қалыптасу, даму барысында әр түрлі жайларды басынан кешіреді. Тілдер де тарихи қиыншылықтарды басынан өткізеді. Сондай басқыншылықтардың, отарлаудың зардабын шегіп, езгіге ұшыраған, бірақ өз келбетін сақтап қалған тілдердің бірі – біздің ана тіліміз, қазақ тілі. Ол – қазақ деген халықтың тарихымен ұштасып жатыр.

Сондықтан тәуелсіздік алған кезімізді басқаларға еліктемей, оны барлық әлемге танытып, атын асқақтатуымыз керек. Ол болашақ ұрпақтың, яғни, біздің қолымызда, керісінше, өзге ел бізге еліктейтін және қызығатын болсын. Бұл басқа тілді үйренуге тыйым салынады деген сөз емес. Көп тілді білуге ұмытылу – жас ұрпаққа қойылған заман талабы.

Алайда, тілдердің интеграциялық тәртібі, тұлғаның дамуының бір жағдайы үш тілді меңгерудегі негізгі тұғыр қазақ тілі болуы тиіс. Елбасымыздың: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», – деуі де сондықтан. Демек, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолында әрқайсымыз өзіндік үлес қосумыз керек. Бұл – баршаның басты борышы. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік тілді білмегеніміз ұят болары даусыз.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Талдықорған қалалық сотының
судьясы.

БҰРАҢБЕЛ

ҚЫЛЫҒЫҢ ҚАНДАЙ, АЗАҚ ҚЫЗЫ?



БҮГІНГІНІҢ ҚЫЛЫҚСЫЗДАРЫ

Қыз қылықты болмай, ешуақытта ұлт ұлықты болмақ емес. Қырық үйден тыйым көрген кешегі қазақ қызы мен ұрда жық кейіпті, даңғазатірлікке бойы үйренген бүгінгі қазақ қызы ұятының арасы жер мен көктей. Олай дейтімізде, бұрындары құшағы баладан, қолы бесіктен босамайтын қыздар бұл күндері қолына темекісін, қолтығына сырасын қысып, көп көшенің бірінде үймелесіп тұрғанын көресің. Бұл аздай, әлеуметтік желіде әумесерлікке әуес болған қазақ қыздарының бүгінгі бейтаныс, бейәдепке толы буалдыр бетбейнесі қынжылтады.



КЕШЕГІНІҢ АРУЫ

Расында да, кешегі күн келбетті, ай дидарлы биязы қазақ қызының бүгін де қатары тым сиреп барады. Бейне бір қоңыр әуен сынды самалдың ырғағымен тербеліп, жайқалып тұрған көк майса кенет жұттың кесірінен жүдеп, қурап сала беретініндей көрініс еді. Сонда айдыңкүннің аманында қандай жұт жүрді екен деп таңдануға һәм үрейленуге тиістісіз.

Ол – замана дерті. Ол – тәннің қалауына жығылып, жанның жұтаңдығынан туған әрекет. Соның әсерінен жаһандану алдындағы адами мүсіннің ғана емес, жанның жаппай жадағай, жалаңаш күйде қалуы – рухизаттың азып-тозуына әкелді. Нәтижесінде, ұлдан ұят, қыздан қылық кетті. Осыдан барып бұрымдыларымыз елдің ертеңі, ұлттың анасы болудан қалып бара жатқандай көрінер болса керек.

Неге мұнша торығуға, түңілуге дес берді дейсіз ғой: оған да себеп жоқ емес. Тәнін жалаңаштап, ұлттық нақыштағы әшекейлерді тағынып, сәукеле киіп суретке түскен қаршадай қыз әлеуметтік

желідегі халықтың наразылығын тудырды. «Мөп-мөлдір көздің қарасын, Тараздан ғана табасың» деп таңдай қаққан шығыс шайыры Фирдоусидің меңзегені әсте, бұл емес еді. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, тараздық қыз қазақ аруының абыройына күйе жақты. Сонысы үшін бейтаныс адамдардан таяқ жеп те үлгеріпті. «Бұл әрекетімді анам мен әжем қолдайды» дегенінде жерге кірерге тесік таппады. Осындайда көрнекті жырау Кенже Ақтанның мына болжауы еске түседі:

«... Ұят кетіп қызыңнан,
Жалаңаштар денені.

Жез тырнақты жалбыр шаш,

Кейпіне жынның енеді». Осыдан артық не айтуға болады?!

Бұл қыздың қылығын отандық телеарналар жарыса жариялап жүріп, жарнамасын жасады. Иә, оның да көксеміні көгілдір экран еді. Инстаграм желісін қолданушылардың арасында «хайп» деп аталатын қайырсыз түсінік пайда болды. Яғни, халықтың қарсы пікірі мен агрессивті көзқарасын өршіту арқылы атақ жинау-

ды көздегендердің көргенсіз әдісі. Онымен қоймай, кейбір әріптестеріміздің «ару» деген сөздің түп-төркініне, этимологиясына үңілмей, осы бір қылықсыз қыздың әрекетін «18 жастағы ару...» деп жарияға жар салғаны тіпті қарныңды ашырады. Осындайда бассыздықты тыйып, заң жүзінде жауапқа тартар тәртіптің болмай тұрғандығы қынжылтады. Қолында билігі бар, аузында дуалы сөзі бар ағаларға жаутаңдайсың тағы осындайда. Оспадар опасыздықтың бетін қайтарар дейсің. Заң алдында тектеу көрмей тайраңдағандар «хайптың» да құдай алдындағы айыпқа әкелерін білсе екен дейсің...

Әйел затын, табиғатын, қадірі мен қасиетін Шал ақыннан асырып айта алған кім бар?

«Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Жаман болса өз қылған істерімен,
Еріне қалдырады жаман атын», – дейді. Тәрбиесіздік атаулысы қыздың өз әулетін қаралап қана қойса мейлі ғой. Бір күйінтерлігі, ұлттың азаматының

бағасын, қадірін бес тиын ететін де осылар емес пе? Осындайда, жазушы Ақселеу Сейдімбектің: «Алты-жеті жастамын, келе жатсам ауылдағы көшенің анау басында бір әйел жолымды тосып тұр; не жүрмейді, не басқа жаққа кетпейді, жақындай бергенімде «Қарғам, жолыңды кеспейін деп тосып тұрмын, сен өтіп кет – сен еркексің ғой», – деді. Жеті жасар баланың жолын жетпістегі кейуана кеспеді, сөйтіп...», – дегені еске түседі. Айналаңызға қараңызшы, осы бір көріністің тап бүгін қайталана қоюы мүмкін бе?!

Әсте мүмкін еместей көрінетіні несі екен? Бұдан соң, «...жолыңды кеспейін деп тосып тұрмын, сен өтіп кет – сен еркексің ғой», – деп жеті жасар балаға жол бермек түгілі, жетпістегі қарияның аяғын мыжып-жаншып өтуге бар бүгінгі «бұрымдыларымыздың» қадірсіз қамқарекетіне қарның ашпай көрсін!..

Данагүл БЕРЕКЕТ.

Бос прокуратура органы қызметкері лауазымдарына орналасуға конкурс

«Бас көлік прокуратурасы» ММ, бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

1.Талдықорған көлік прокуратурасының прокуроры (С-RGP-5 санаты) – 1 бірлік;

Лауазымдық айлық еңбекақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қатысты 76 274 теңгеден 103 174 теңгеге дейін.

Атқарымдық міндеттер: қылмыстық қудалау және қоғамдық мүдделерді қорғау, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот актілерінің және атқару өндірістерінің, жазалардың және азаматтарды оңалтудың орындалуына, ұсталған, күзетпен қамауға алынған және қылмыстық жазасын өтеп жатқан тұлғалардың құқықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру, қылмыстық істер бойынша соттарда мемлекеттік айыптауға қолдау көрсету, соттарда азаматтық және әкімшілік істерді қарау кезінде қатысу және басқалары. Негізгі міндеттерімен қоса, прокуратура органдарының барлық қызметкерлеріне міндетті болып табылатын атқарымдық міндеттерді орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

– нақты лауазымның атқарымдық міндеттерінің бағыттарына сәйкес салада жоғары заңгерлік білім;
– денсаулық жағдайы бойынша құқық

қорғау органдарында қызмет өткеруге жарамдылығы;

– нақты лауазымның атқарымдық міндеттерін орындау үшін қажетті міндетті білімі, икем-дағдылары.

Конкурс Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 04.05.2014 жылғы №40 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін конкурс пен тағылымдама өткізу Ережесі негізінде өткізіледі (бұдан әрі – Ереже).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесідей құжаттарды тапсырады:

- 1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысандағы сауалнама;
- 3) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (тұрғылықты мекенжайы мен телефонның, оның ішінде байланыс телефонын көрсете отырып) толтырылған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
- 4) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған қолмен және басылып жазылған толық өмірбаяны;
- 5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;

9) 3x4 үлгідегі (3 дана) сурет;

10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;

13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны тура-

лы анықтама;

14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: **Астана қаласы, Мәңгілік ел, 14, анықтама үшін телефон: 8(7172) 30-17-05, 71-22-20 e-mail: 7172238@prokuror.kz.**

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оларды әңгімелесуге жіберу туралы хабарланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде «Бас көлік прокуратурасы» ММ өтеді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

РЕАЛИЗОВАНЫ БОЛЕЕ 20 ПРОЕКТОВ

Об этом сообщила начальник отдела сопровождения проектов Палаты предпринимателей Алматинской области Дана Жамбулатова. Экспертами оказана поддержка, начиная от консультации до содействия в получении земельных участков и финансирования проекта.



Среди сопровождаемых проектов строительство обувной фабрики по производству кожаной обуви в Илийском районе Алматинской области. При содействии РПП получен земельный участок в индустриальной зоне «Береке» площадью 1 га. На данный момент ведутся строительные-монтажные работы. При содействии Палаты планируется привлечение финансовых средств на сумму 1 млрд тенге по новой Программе кредитования приоритетных проектов обрабатывающей промышленности. Будущий проект предусматривает создание 140 новых рабочих мест.

В Талдыкоргане торговому магазину, занимающегося реализацией экзопродукции Selro оказано содействие в налаживании сотрудничества с производителями натуральных продовольственных продуктов. Благодаря проведенным переговорам магазин реализует продукцию крупной компании «Апель Агро» (колбасные, мясные изделия), ИП «Коновалов» (мед и другая продукция из меда), ТОО «Лепсинск онимдери» (мед), завода «Амиран» (молочная продукция), молочной фермы «Анжела» (натуральная экологически чистая молочная продукция), крестьянского хозяйства «Фермер» (молочная продукция, колбасные изделия) и др.

При сопровождении экспертов Палаты ТОО «Лепсинск өнімі» подала заявку на участие в программе грантового финансирования АО «НАТР» на сумму 330,5 млн тенге, которая предусматривает приобретение инновационного оборудования «Easy Snap» итальянского производства. Результаты рассмотрения заявки будут объявлены в феврале 2019 года. Вместе с этим, после участия предприятия на международной выставке импортных товаров CHINA INTERNATIONAL IMPORT EXPO, компания нашла себе партнеров и уже начала осуществлять экспорт меда в Китай.

Также при содействии Палаты 5 проектов получили гранты по программе «Дорожная карта бизнеса - 2020», 2 проекта получили государственную поддержку в виде субсидирования процентной ставки по программе.

ТОО «Нур-Шапағат-Құрылыс» оказано содействие в решении вопроса высвобождения заклада денег в АО «БанкЦентрКредит», а также размещения высвобожденного заклада денег на расчетный счет компании. При содействии региональной палаты компания высвободила денежный заклад на сумму 31 млн тенге.

«Мы также приглашаем представителей бизнеса активно участвовать в торгово-экономических миссиях, международных отраслевых мероприятиях. Всего более 20 предпринимателей Алматинской области приняли участие в 10 международных выставках и конференциях», - рассказала начальник отдела Палаты предпринимателей Алматинской области Дана Жамбулатова.

В начале этого года в целях оказания содействия использованию простаивающих площадей предприятий субъектами малого и среднего бизнеса по принципу бизнес-инкубатора в пилотном режиме была создана малая индустриальная зона. Был заключен меморандум с ТОО «Талдыкорганэлектросетьстрой» и акиматом города Талдыкорган о сотрудничестве. По итогам которого, на территории малой индустриальной зоны расположены 12 субъектов малого бизнеса и открыто более 30 новых рабочих мест. В этом году также продолжится работа по заполнению пустующих помещений. В 2019 году совместно с акиматом города планируется проведение анализа простаивающих производственных помещений с подключенными инженерными коммуникациями, пригодных для создания малых индустриальных зон.

В 2018 году запущен информационно-познавательный проект Business Connect, целью которого является организация встреч молодых и начинающих предпринимателей с успешными владельцами бизнеса. Проведенные 9 встреч с успешными предпринимателями были освещены на информационных площадках региональных и республиканских СМИ.

Е. ТҮРСЫНКАНОВ.

САЛЮТЫ И ФЕЙЕРВЕРКИ – ОПАСНЫЕ ИГРУШКИ!

ПРАКТИКА ПОКАЗЫВАЕТ, ЧТО В НОВОГОДНИЕ ПРАЗДНИКИ УВЕЛИЧИВАЕТСЯ КОЛИЧЕСТВО ПОЖАРОВ. ОСНОВНЫЕ ПРИЧИНЫ - ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГОРЯЩИХ СВЕЧЕЙ, НЕИСПРАВНЫХ ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ ГИРЛЯНД, А ТАКЖЕ НЕОСТОРОЖНОЕ ОБРАЩЕНИЕ С ПИРОТЕХНИКОЙ – МИНИ-РАКЕТАМИ, БЕНГАЛЬСКИМИ ОГНЯМИ, ФЕЙЕРВЕРКАМИ И ПЕТАРДАМИ. ПОЖАРНАЯ ОПАСНОСТЬ ТАКИХ ИЗДЕЛИЙ СОСТОИТ В ТОМ, ЧТО ИХ ПРИМЕНЕНИЕ СОПРОВОЖДАЕТСЯ НАЛИЧИЕМ ОТКРЫТОГО ПЛАМЕНИ И ИСКР. ИХ ЗАЖИГАЮЩАЯ СПОСОБНОСТЬ ДОСТАТОЧНО ВЫСОКА. НАПРИМЕР, ТЕМПЕРАТУРА ПРИ ГОРЕНИИ НЕКОТОРЫХ ПИРОТЕХНИЧЕСКИХ ЗАРЯДОВ ПРЕВЫШАЕТ ДВЕ ТЫСЯЧИ ГРАДУСОВ.



В период празднования нового года в Алматинской области произошло 14 пожаров. С 31 декабря 2018 года по 1 января 2019 года в результате нарушения правил пожарной безопасности при использовании пиротехническими изделиями произошло 4 пожара.

Так после встречи нового 2019 года, в г. Текели в 12 часов 15 минут по улице Женис и в микрорайоне «Асыл арман» г. Каскелен Карасайского района в 12 часов 20 минут в результате попадания фейерверка на балконы произошло загорание балкона и одежды на балконе на общей площади 2 кв. м.

В 12 часов 40 минут в с. Касымбек Жамбылского района и в 01 часов 10 минут в Райымбекском районе в с.Комириш в произошло загорание 4,5 тонны и 15 тонны сена на территории частных жилых домов. Все вышеуказанные загорания ликвидированы силами личного состава пожарных подразделений данных районов. Жертв и пострадавших нет.

Причинами всех этих загораний послужило нарушение правил пожарной безопасности при

неправильном использовании пиротехнических изделий, это фейерверки, петарды, мини-ракеты и т.д.

Учитывая сложившуюся ситуацию надеемся что подобных случаев в будущем не повторится, так как приближаются праздники Рождества и старого нового года – это так же пора массовых гуляний и всевозможных увеселительных мероприятий. И только строгое соблюдение требований правил пожарной безопасности поможет избежать травм, увечий, а также отпраздновать праздники более безопасно. Чтобы праздники не испортились, а Ваша жизнь не оказалась под угрозой Департамент по чрезвычайным ситуациям Алматинской области просит жителей области соблюдать правила пожарной безопасности:

- ни в коем случае не покупайте фейерверки и петарды с рук!

- приобретайте пиротехнические изделия только в специализированных магазинах;

- запуск пиротехнических изделий необходимо осуществлять в безопасном удалении (не ближе 30 метров) от здания;

- перед запуском пиротехники обязательно внимательно прочитайте инструкцию завода – изготовителя;

- не оставляйте гирлянды на елках включенными, если вы уходите из дома или ложитесь спать.

Искренне надеемся, что эта информация была для вас полезна, и вы не только хорошо ее запомнили, но и в случае необходимости правильно примените эти знания.

Соблюдая меры пожарной безопасности, Вы сохраните свое здоровье и имущество.

Группа информирования и обучения населения ДЧС Алматинской области.

ВОЗМОЖНОСТЬ КРУГЛЫЙ ГОД

В Алматинской областной универсальной библиотеке имени С.Сейфуллина состоялся круглый стол на тему с произведениями А.Кекилбаева «Аңыздың ақыры» и А.Тажибаева, «Дара тұлғалардан қалған мол мұра» который были выбраны в 2019 году по акции «Одна страна - одна книга».

Республиканская акция «Одна страна - одна книга» проводится в Национальной академической библиотеке Республики Казахстан с 2007 года. Цель акции - продвигать лучшую работу в нашей национальной литературе, продвигать образовательный процесс, сохранять наше духовное наследие, а также повышать интерес общественности к отечественной литературе, включая классику, современную литературу и поэзию.

В мероприятии приняли участие преподаватели вузов, преподаватели учебных заведений, интеллигенция, библиотекари, представители СМИ и читатели.

Ш. ХАМИТОВ.



Мир диких животных на нашей территории

Фауна РГУ «Жонгар – Алатауский» государственного национального природного парка Лепсинского филиала очень разнообразна. На территории Лепсинского филиала обитает 49 видов млекопитающих, 15 видов млекопитающих рассматривается, как мониторинговые: (снежный барс, манул, туркестанская рысь, тьянь – шаньский бурый медведь, каменная куница, волк, лиса, Сибирский горный козел, серый сурок, заяц –беляк). Некоторые из этих животных занесены в Красную книгу Республики Казахстан.

Также на территории филиала обитают виды млекопитающих – белка, американская норка, ондатра, которые пришли к нам с других территорий, являются мигрантами. Они прекрасно акклиматизировались и их численность с каждым годом увеличивается.

Основной задачей РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП является сохранить и приумножить животный и растительный мир нашей родины. Круглый год государственные инспектора занимаются охраной лесных обходов совместно со специалистами научного отдела ведут мониторинг, проводят учет численности диких животных и птиц, проводят биотехнические мероприятия: закладки соли, заготовка сена. Также постоянно проводятся агитационные мероприятия такие, как публикации СМИ, проведение бесед в школе, разъяснительные работы с местным населением. Установка аншлагов и панно на тему бережного отношения к животному и растительному миру нашего края.

А. Джанбаев

Охотовед – биолог Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП

ОТКРЫЛСЯ МУЗЕЙ

В рамках программы «Рухани жангыру» в селе Жаналык Талгарского района Алматинской области состоялось открытие Музея жертв политических репрессий. В целях увековечивания памяти невинно пострадавших в годы сталинских репрессий, в новой экспозиции представлены экспонаты, размещенные в трех залах:

- «История репрессий в Казахстане с 1916 по 1986 гг.»

- «Реквием памяти жертв политических репрессий»

- «Историко-просветительское общество «Адилет» и его деятельность.

О репрессиях 1930-х, 1950-х гг. расскажут экспонаты первого зала, среди которых фотодокументальный материал наших земляков, представителей казахской интеллигенции – М.Тынышпаева, И.Жансугурова, Ж.Кудерина и др. Также

здесь экспонируются и копии дел арестованных (репрессированных и реабилитированных) по Алматинской области из архива ДВД Алматинской области. Жизнь узников сталинских лагерей воспроизведена в четырех диорамах. 4125 имен и фамилий лиц, незаконно пострадавших, запечатлены на каменных стелах в зале музея «Реквием памяти жертв политических репрессий». Предметы, личные вещи расстрелянных и похороненных в с. Жаналык, представлены в тематическом разделе. Деятельности общества «Адилет», которому принадлежит инициатива установления мемориала жертвам политических репрессий в с. Жаналык и выпуск девятитомного издания «Книги скорби» посвящен третий зал экспозиции.

Ш. ХАМИТОВ.

АЯҚДОП

Football Observatory сарапшылар тобы Еуропада ойнайтын ең қымбат ойыншылардың рейтингін жариялады. Еуропаның ең қымбат ойыншысы «Пари Сен-Жермен» клубының 20 жастағы шабуылшысы Килиан Мбаппе болып отыр.

ЕУРОПАДАҒЫ ЕҢ ҚЫМБАТ 100 ФУТБОЛШЫНЫҢ ТІЗІМІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Оны сарапшылар 218,5 млн еуроға бағалаған. «Тоттенхэм» ойыншысы, Англия құрамасының капитаны Гарри Кейн 200,3 млн еуро көрсеткішімен екінші орынды иеленді. Үздіктер үштігін бразилиялық Неймар (197,1 млн еуро) түйіндеп тұр. Айта кетейік, бес дүркін «Алтын доп» иегері атанған Лионель Месси 7-орынға орналастырылған (171,2 млн еуро), ал «Ювентус» шабуылшысы Криштиану Роналду тіпті үздіктер ондығына да кіре алмады. Сарапшылар 127,2 млн еуроға бағалаған Португалия құрамасының капитаны 19-орында тұр. Рейтингтегі алғашқы ондыққа мына футболшылар енген:

1. Килиан Мбаппе (ПСЖ) - €218,5 млн;
2. Гарри Кейн (Тоттенхэм) - €200,3 млн;
3. Неймар (ПСЖ) - €197,1 млн;
4. Рахим Стерлинг (Манчестер Сити) - €185,8 млн;
5. Мухамед Салах (Ливерпуль) - €184,3 млн;
6. Пауло Дибала (Ювентус) - €171,9 млн;
7. Лионель Месси (Барселона) - €171,2 млн;
8. Ромелу Лукаку (Манчестер Юнайтед) - €162 млн;
9. Филипе Коутиньо (Барселона) - €157 млн;
10. Лерой Сане (Манчестер Сити) - €156,1 млн.



ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

«ОЙ-ҚАРАҒАЙ» ТАУ-ШАҢҒЫ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Облысымыздың Талғар ауданы Бесқайнар ауылдық аумағында «Ой-Қарағай» тау-шаңғы кешені ашылды. Елбасының қысқы туризмді дамытуға арналған тапсырмасымен бойынша қолға алынған жоба қысқа уақыттың ішінде нысан қолданысқа берілді. Салтанатты шараға облыс әкімі А. Батапов, аудан әкімі Р. Сәтбаев және «Лесная сказка-Апорт Ақ-Тас» компаниясының президенті Е. Балфанбаев және тағы басқа қонақтар мен облыс тұрғындары қатысты.



Соған байланысты бүгін, міне, жаңа тау-шаңғы кешенін ашып отырмыз. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, республикалық маңыздағы автокөлік жолынан кешенге дейінгі 6,2 км жолға күрделі жөндеу жасадық. «Орман ертегісі» тау-шаңғы курортына инвестор Ерік Балфанбаев өзінің жеке қаражаты есебінен 60 млн АҚШ долларын құйды. Ерікке алғыс айтамын. Отбасыларыңызбен, дос-жарандарыңызбен келіп, таза ауада демалып, шаңғы теуіп, игілігін көріңіздер!

Тұмса табиғатымен ерекшеленетін Жетісу өлкесінің ерекше бір демалыс аймағы қатарына қосылған кешенің аумағы – 85 га. Теңіз деңгейінен 1820 метр биіктікте орналасқан шаңғы базасының қазіргі сырғанау жолақтығы – 13 шақырым. Болашақта сырғанау аймағын 40 шақырымға дейін ұзартуды жоспарда бар.

Күніне 5000 адамды қабылдауға дайын демалыс аймағы жаз мезгілінде велосипед тегуге лайықталмақ. Бүгінде келушілерге 6 мейрамхана мен 99 орындық қонақ үй қызмет көрсетуде.

Нысанның осы және өзге де ерекшеліктеріне тоқталып өткен

облыс әкімі Амандық Фаббасұлы өз құттықтау сөзінде кешенің қысқы туризмді дамытудағы рөліне баса назар аударды:

– Елбасы облысқа келген сапарында туризм кластерін қалыптастыру туралы тапсырма берген еді. Соның ішінде Шымбұлақтан (Шыңбұлақ) бастап Түрген шатқалына дейінгі аралықта тау туризмін дамыту қажеттігін айтқан болатын.



«Ой-Қарағай» тау-шаңғы кешені болашақта тек Қазақстан ғана емес, әлемнің әр бұрышынан туристер көптеп келетін үлкен орталыққа айналады деген үміт бар.

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.



БОКС

ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН МЕН САУЛЬ АЛЬВАРЕС АРАСЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ЖЕКПЕ-ЖЕК БЕКІТІЛДІ. ЕКІ БОКСШЫНЫҢ ЖҰДЫРЫҚТАСУЫ 2019 ЖЫЛЫ МЕКСИКАДА ӨТЕДІ, – ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ SPORTS.KZ САЙТЫ.

ГОЛОВКИН МЕН АЛЬВАРЕСТИҢ ҮШІНШІ ЖЕКПЕ-ЖЕГІ МЕКСИКАДА ӨТЕТІН БОЛДЫ

Бұл туралы Azteca Deportes басылымының тілшісі Карлос Агилар мәлімдеді. Ол «Головкин-Канело» жекпе-жегі жайлы мәселе өз шешімін тапқанын айтты.

«Бекітілді! Сауль Альварес пен Геннадий Головкин үшінші жекпе-жегі 2019 жылы Мексикада өткізетін болады. Алайда, кездесудің нақты уақыты әлі айтылмай жатыр», – деп жазды ол өзінің Twitter парақшасында.

Бұған дейін мексикалық боксшының промоутерлері GGG-мен жекпе-жектің мамыр айында болмайтынын айтқан болатын. Ал, Канелоның өзі жылына екі мәрте жұдырықтасуды жоспарлап отырғанын ашық түрде білдірді.

Ол рингке мамыр және қыркүйек айында шықпақ. Осылайша, оның айтып отырған күздегі екінші жекпе-жегі қазақстандық спортшымен өтпек.

Данияр САҒЫНДЫҚ.

АУЫР АТЛЕТИКА

Раушан Мешітханова ЕКІНШІ ОРЫН ИЕЛЕДІ

Катарда ауыр атлетикадан лицензиялық турнир мәресіне жетті. Соңғы жарыс күнінде зілтемір сахнасына шыққан Раушан Мешітханова күміс жүлде иеленді деп жазады Хабар-24.

Ол өз салмағынан әлдеқайда жоғары 87 келіде сынға түсіп, қоссайыс қорытындысы бойынша 215 келіні еңсерді. Раушан турнирде жеңімпаз атанған венгриялық спортшыдан бір келі ғана кем көтергенін айту керек.

Сондай-ақ жерлесіміз жұлқа көтеруде 100 келіні бағындырып алтын алса, серпе көтеруде 115 келімен күміс олжалады.



ЖУРНАЛИСТТЕР ЖЕЛТОҚСАНШЫ ҚЫЗДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

«Жастар» спорт сарайында «Жетісу» газетінің ұйымдастыруымен аталған басылымда көп жылдар еңбек еткен, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Желтоқсан көтерілісінің қаһарман қызы Шолпан ЖҰМАДІЛОВАНЫ еске алуға арналған БАҚ өкілдері арасында бильярдтан облыстық турнир өтті.



Жарысқа облыстық «Жетісу» телеарнасы, «Оғни Алатау», қалалық «Талдықорған», «Жетісу» газетінің журналистері және Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облысы филиалының төрағасы қатысты.

Бәсекенің ашылу салтанатында облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін сөз сөйлеп, доданың шымылдығын түрді. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әміре Әрін жарыстың маңызы зор екеніне тоқталды. Шолпан Жүнісбайқызы тек қана газеттің журналисі емес, қоғамдық жұмыстың белсенді жетекшісі екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, Желтоқсан көтерілісі кезінде алаңда жүріп, кеңестің солақай саясатына қарсы тұра білген қаһарман қыз әрқаз шындық пен тазалықтың туын жоғары ұстайтын ержүрек еді. Шолпанның қаламынан туған әр мақаласы қоғамда қозғаушы күш болып, елдің дамуына өз үлесін қосатын мөлдір дүние саналды.

– Жаны таза, бойында тек асыл қасиеттері басым, кез келген ортада өзінің талантымен алға шығып, маңайына шуағын шашып, жадырап жүретін жалынды журналист еді. Бір ғана «Жетісу» газетінің білікті маманы емес, республикаға танылған қаламгер болды. Өмірінің соңына дейін қаламын қолынан тастамай, алты кітаптың авторы атанды. Амал нешік, осындай талантымыздың ортамыздан

ерте кеткені жанымызға батады. Бүгін міне, Шолпанның аты өшпей жарық жұлдыздай жарқырап жүрсін деген ниетпен бастарыңызды қосып, бильярдтан турнир өткізіп отырмыз. Бұл келешекте дәстүрлі жарысқа айналмақ. Ауқымы кеңіп, жыл сайын Шолпан Жүнісбайқызының атындағы жарыста бас қосамыз, – деген Ә. Әрінұлы бақ сынайтын әріптестеріне сәттілік тіледі.

Көп ұзамай жарыс та басталды. Жарысқа қатысушылар кіл мықтылар екен. Бір-бірімен шеберлік байқасып, соққан шарлары мірдің оғындай ұяшыққа дөп түсті. Алғашқы айналымнан суырылып алты ойыншы алға шықты. Кіл мықтылар іріктеліп, кім мықтыны анықтау кезде ойын шиеленісе түсті. Тартысқа толы болған бәсекеде бірінші орынды «Оғни Алатау» газетінің жауапты хатшысы Асхат Алтынбеков жеңіп алса, екінші орынға «Жетісу» газетінің журналисі Мәди Алжанбай табан тіреді. Үздік үштікті «Талдықорған» газетінің бас редакторы Данияр Сейсенбаев түйіндеді. Жеңімпаздарды облыстық «Жетісу» газеті редакторының орынбасары Жұматай Әміреев пен облыстық бильярд федерациясы атқарушы директорының орынбасары Ахметсапа Шалқыбаев марапаттады.

Дода соңынан Шолпан Жүнісбайқызына ас беріліп, Құран бағышталды.

РИШАД ТҰРҒАНБАЕВ.

2019

| Қаңтар | | Январь | | | | |
|--------|---|--------|----|----|----|----|
| Дс | | 7 | 14 | 21 | 28 | Пн |
| Сс | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Вт |
| Ср | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Ср |
| Бс | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 | Чт |
| Жм | 4 | 11 | 18 | 25 | | Пт |
| Сн | 5 | 12 | 19 | 26 | | Сб |
| Жк | 6 | 13 | 20 | 27 | | Вс |

| Ақпан | | Февраль | | | | |
|-------|---|---------|----|----|----|----|
| Дс | | 4 | 11 | 18 | 25 | Пн |
| Сс | | 5 | 12 | 19 | 26 | Вт |
| Ср | | 6 | 13 | 20 | 27 | Ср |
| Бс | | 7 | 14 | 21 | 28 | Чт |
| Жм | 1 | 8 | 15 | 22 | | Пт |
| Сн | 2 | 9 | 16 | 23 | | Сб |
| Жк | 3 | 10 | 17 | 24 | | Вс |

| Наурыз | | Март | | | | |
|--------|---|------|----|----|----|----|
| Дс | | 4 | 11 | 18 | 25 | Пн |
| Сс | | 5 | 12 | 19 | 26 | Вт |
| Ср | | 6 | 13 | 20 | 27 | Ср |
| Бс | | 7 | 14 | 21 | 28 | Чт |
| Жм | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Пт |
| Сн | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Сб |
| Жк | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 | Вс |

| Сәуір | | Апрель | | | | |
|-------|---|--------|----|----|----|----|
| Дс | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Пн |
| Сс | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Вт |
| Ср | 3 | 10 | 17 | 24 | | Ср |
| Бс | 4 | 11 | 18 | 25 | | Чт |
| Жм | 5 | 12 | 19 | 26 | | Пт |
| Сн | 6 | 13 | 20 | 27 | | Сб |
| Жк | 7 | 14 | 21 | 28 | | Вс |

| Мамыр | | Май | | | | |
|-------|---|-----|----|----|----|----|
| Дс | | 6 | 13 | 20 | 27 | Пн |
| Сс | | 7 | 14 | 21 | 28 | Вт |
| Ср | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Ср |
| Бс | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Чт |
| Жм | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 | Пт |
| Сн | 4 | 11 | 18 | 25 | | Сб |
| Жк | 5 | 12 | 19 | 26 | | Вс |

| Маусым | | Июнь | | | | |
|--------|---|------|----|----|----|----|
| Дс | | 3 | 10 | 17 | 24 | Пн |
| Сс | | 4 | 11 | 18 | 25 | Вт |
| Ср | | 5 | 12 | 19 | 26 | Ср |
| Бс | | 6 | 13 | 20 | 27 | Чт |
| Жм | | 7 | 14 | 21 | 28 | Пт |
| Сн | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Сб |
| Жк | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Вс |

| Шілде | | Июль | | | | |
|-------|---|------|----|----|----|----|
| Дс | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Пн |
| Сс | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Вт |
| Ср | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 | Ср |
| Бс | 4 | 11 | 18 | 25 | | Чт |
| Жм | 5 | 12 | 19 | 26 | | Пт |
| Сн | 6 | 13 | 20 | 27 | | Сб |
| Жк | 7 | 14 | 21 | 28 | | Вс |

| Тамыз | | Август | | | | |
|-------|---|--------|----|----|----|----|
| Дс | | 5 | 12 | 19 | 26 | Пн |
| Сс | | 6 | 13 | 20 | 27 | Вт |
| Ср | | 7 | 14 | 21 | 28 | Ср |
| Бс | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Чт |
| Жм | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Пт |
| Сн | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 | Сб |
| Жк | 4 | 11 | 18 | 25 | | Вс |

| Қыркүйек | | Сентябрь | | | | |
|----------|---|----------|----|----|----|----|
| Дс | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Пн |
| Сс | 3 | 10 | 17 | 24 | | Вт |
| Ср | 4 | 11 | 18 | 25 | | Ср |
| Бс | 5 | 12 | 19 | 26 | | Чт |
| Жм | 6 | 13 | 20 | 27 | | Пт |
| Сн | 7 | 14 | 21 | 28 | | Сб |
| Жк | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Вс |

| Қазан | | Октябрь | | | | |
|-------|---|---------|----|----|----|----|
| Дс | | 7 | 14 | 21 | 28 | Пн |
| Сс | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Вт |
| Ср | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Ср |
| Бс | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 | Чт |
| Жм | 4 | 11 | 18 | 25 | | Пт |
| Сн | 5 | 12 | 19 | 26 | | Сб |
| Жк | 6 | 13 | 20 | 27 | | Вс |

| Қараша | | Ноябрь | | | | |
|--------|---|--------|----|----|----|----|
| Дс | | 4 | 11 | 18 | 25 | Пн |
| Сс | | 5 | 12 | 19 | 26 | Вт |
| Ср | | 6 | 13 | 20 | 27 | Ср |
| Бс | | 7 | 14 | 21 | 28 | Чт |
| Жм | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Пт |
| Сн | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Сб |
| Жк | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 | Вс |

| Желтоқсан | | Декабрь | | | | |
|-----------|---|---------|----|----|----|----|
| Дс | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 | Пн |
| Сс | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 | Вт |
| Ср | 4 | 11 | 18 | 25 | | Ср |
| Бс | 5 | 12 | 19 | 26 | | Чт |
| Жм | 6 | 13 | 20 | 27 | | Пт |
| Сн | 7 | 14 | 21 | 28 | | Сб |
| Жк | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 | Вс |



Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ - редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА - тілші
Еламан ТҰРСЫНҚАНОВ - тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ - тілші

Кезекші редактор: Д. БЕРЕКЕТ.



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қазқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail.ru
E-mail: www.alatau.kz@mail.ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 4858
Тапсырыс № 30

Индекс 15534